женщины с 45 лет и старше налог не платили. С 1944 г. бездетные граждане, облагавшиеся подоходным налогом, платили 6% от заработка, имевшие одного ребенка — 1%, двухдетей — 0,5%. Этот порядок распространялся на некооперированных кустарей, ремесленников и прочих граждан, имевших источники дохода, облагаемые подоходным налогом. С плательщиков сельхозналога этот налог взимался соответственно в размере 150 руб., 50 руб. и 25 руб. в год. Граждане, не имевшие самостоятельного источника дохода, т.е. иждивенцы, платили 90 — 30 — 15 руб. в год. От налога освобождались все военнослужащие. Те военные, которые уволены из армии вследствие ранения, если им не назначена пенсия, освобождались от уплаты налога в течение года со дня увольнения, а при назначении пенсии они от налога освобождались. Жены военнослужащих, погибших или пропавших без вести, к уплате налога не привлекались на период войны. Не привлекались к уплате налога родители, дети которых погибли или пропали без вести на войне. Введение вышеуказанного налога позволило увеличить пособия многодетным семьям и одиноким матерям.

Указом Президиума ВС СССР от 29 декабря 1941 г. с 1 января 1942 г. вводится военный налог с одновременной отменой надбавок к сельскохозяйственному и подоходному налогам. По словам М.Л. Тамарченко, «военный налог выступал формой общегражданского участия народа своими средствами в финансировании войны и был призван мобилизовать дополнительные средства для покрытия военных расходов». Его уплачивали все граждане СССР, достигшие 18 летнего возраста, независимо от наличия источника дохода. Исключение составляли военнослужащие, находящиеся в действующей армии, т.е. на фронте, члены их семей и инвалиды войны и труда 1й и 2й групп. Инвалиды войны остальных групп освобождались от 50процентной надбавки к налогу, установленной гражданам призывного возраста, но не призванным в армию. Военнослужащие частей налог платили.

Мужчины 60 лет и старше, а также женщины 55 лет и старше, пенсионеры платили налог лишь в том случае, если они имели самостоятельные источники дохода. Колхозники и единоличники уплачивали налог по твердой ставке от 150 до 600 руб. с человека в год, дифференцированной по районам. С рабочих и служащих налог взимался в зависимости от зарплаты (по основной работе и по совместительству): от 10 руб. в месяц при годовом заработке в пределах до 1800 руб. и до 225 руб. в месяц при годовом заработке свыше 24 тыс. руб. Необлагаемый минимум не устанавливался. Общая сумма налога не должна была превышать 4050 руб. в год для лиц призывного возраста и 2700 руб. для остальных, это были максимальные ставки.

С кустарей, ремесленников, владельцев строений, граждан, имевших доходы от работы не по найму, налог взимался по утроенным ставкам, установленным для рабочих и служащих. Ставка 100 руб. устанавливалась для иждивенцев. В результате количество плательщиков военного налога намного превысило число плательщиков с/х. и подоходного налогов. Интересно отметить, что в его построении был использован принцип подушного налога. Военный налог был самым крупным налогом. В 1944 г. он дал бюджету 28,7 млрд. руб. из общих налоговых поступлений 37,2 млрд. руб., а всего за 1942—1945 гг. по военному налогу поступило в бюджет 72,1 млрд. руб.

Рост цен на сельскохозяйственную продукцию позволил пересмотреть нормы доходности по уплате сельхозналога в сторону их повышения. Поданным В.П. Дьяченко, в 1942 г. фактический доход крестьян превышал нормативно установленный в 7—10 раз. В июне 1943 г. нормы доходности были повышены в 3—4 раза. Поступления от сельхозналога с 2,1 млрд. в 1942 г. возросли до 5,6 млрд. в 1945 г. Одновременно в 2 раза повышен налог на единоличников. Следует иметь в виду, что заготовительные цены во время войны оставались на довоенном уровне, т.е. были символическими. Государство платило колхозам за килограмм зерна 7—8 коп., за кг картофеля — 3 коп., за голову крупного рогатого скота — 41—53 руб., за

свинью — 32—48 руб. А цены на рынке в это время были выше в 100—200 раз. Например, в Перми в 1944 г. 1 кг картофеля стоил 65 руб., овощей — 53 руб., мяса — 293 руб., 1 литр молока — 74 руб. Резко сократилась выдача зерна на трудодни. В 1942 г. из предполагавшихся к выдаче на трудодни 44 млн. ц зерна было выдано фактически 24 млн., в 1943 г. 29,5 вместо 35 млн.

Постановлением СНК СССР и ЦК ВКП (б) от 13 апреля 1942 г. обязательный минимум трудодней в расчете на год был повышен: в хлопководческих районах со 100 до 150, в нечерноземной полосе, северных и восточных областях с 60 до 100, в остальных с 80 до 120. Устанавливалась более строгая ответственность за несвоевременную утрату налогов (постановлением СНК СССР от 24 ноября 1942 г.).

Подверглась перестройке система местных налогов и сборов. Указ Президиума ВС СССР в апреле 1942 г. «О местных налогах и сборах» установил следующие местные налоги:

- 1) налог со строений;
- 2) земельная рента;
- 3) сбор с владельцев транспортных средств;
- 4) сбор с владельцев скота;

5) разовый сбор на колхозных рынках. Местным властям было предоставлено право понижать ставки местных налогов или вводить дополнительные льготы. 10 сентября 1942 г. введен налог со зрелищ. В мае 1943 г. введен сбор за регистрацию охотничье промысловых собак — 4 руб. В результате поступления по местным налогам в 1944 г. возросли в 3 раза по сравнению с 1940 годом.

В апреле 1942 г. был увеличен перечень документов и действий, оплачиваемых госпошлиной, повышены ее ставки. В результате в 1944 г. поступления по местным налогам и сборам возросли в 3 раза и составили 20% всех доходов местных бюджетов. Всего за период войны (до 1 января 1946 г.) население выплатило налогов и сборов на сумму 133 млрд. руб. или 24,1% всех военных расходов.

IV СЕКЦИЯ

Б.МОМЫШҰЛЫ АФОРИЗМДЕРІНДЕГІ «СОҒЫС», «ҰРЫС», «ПАРЫЗ», «ЕРЛІК», «БАТЫРЛЫҚ» концептілері

ҚАЙЫРОВ А.Б.
ф.ғ.к., БҚИГУ доценті

Қазіргі кезде тілді адам болмысымен біртұтастықта, яғни адамға тән таным, ойлау, сана, сөйлеу әрекеттерімен бірлікте алып қарау қолға алына бастады. Осыған орай қазіргі тіл біліміндегі зерттеулердің негізгі өзегі - адам баласының қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды ақыл-ой, сана арқылы танып зерттеуі болып отыр. Сондықтан бүгінгі лингвистикалық зерттеулерде дүниетанымдық концептілер үлкен маңызға ие. Осымен байланысты Б.Момышұлы афоризмдеріндегі «соғыс», «ұрыс» т.б. концептілер туралы айтпас бұрын «концепт» терминінің мәнін түсініп алған жөн. Когнитивтік тіл білімінің басты категориясы болып табылатын «концепт» термині Ю.С.Степанов, С.Аскольдов, В.А.Маслова, Д.С.Лихачев, Е.С.Кубрякова т.б. орыс ғалымдарының еңбектерінде әр қырынан түсіндіріледі. Мысалы, В.А.Маслова «концепт окружен эмоциональным, экспрессивным, оценочным ореолом; это тот «пучок» представлений, понятий, знаний, ассоциаций, переживаний, который сопровождает слово и выражаемое им понятие. Концепты – предмет эмоций, симпатий, антипатий, а иногда столкновений различных мнений», - деп жазады. Ғалым әрі қарай «ұғым - танылатын объектінің мәнді, мазмұнды қасиеттерінің жиынтығы болса, ал концепт – мазмұны тілдік құралдардың (лексикалық, фразеологиялық, пареомеологиялық, т.б.) барлығын жинақтайтын өзіндік ерекше ұлттық болмысқа негізделген білімдер жиынтығы» деп, ұғым мен концептінің ерекшелігін ашып көрсетеді.

Отандық тіл білімінде де «концепт» терминіне қатысты мәселелерді Ж.Манкеева, Н.Уәлиев, Қ.Жаманбаева, Г.Снасапова, М.Күштаева, С.Жапақов, А.Ислам, Э.Оразалиева, Г.Мұратова, Ж.Жампейісова, Б.Тілеубердиева т.б. ғалымдар өз еңбектерінде жан-жақты қарастырады. Мысалы, А.Ислам «концепт дегеніміз – белгілі бір ұлттың шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары туралы сан ғасырлық түсінігін білдіретін және этномәдени санада сақталып ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы құрылым» деген анықтама береді. Демек, концепт дегеніміз – тілдің танымдық қасиеті арқылы дүниені тану, қабылдау, сол дүниенің адам бойындағы көркем бейнесінің ұлттық, шығармашылық деңгейде көрінуі дегенді білдіреді. Сонда концепт термині көне де, жаңа да сөз мағыналарымен пайда болатын ақпараттарды сақтап таратушы деген мәнде жұмсалады. Осыған орай тілді этникалық тұрғыдан қарастыру арқылы көптеген мәдени-танымдық ақпараттармен танысуға болады.

Жалпы, тіл – ұлттың мәдени құндылықтарын, тарихи даму жолын, өзіндік менталитетіне тән дүниетанымдық әлемін, салт-санасын бейнелейді. Ал адам күнделікті өмірде тілдік тұлға (языковая личность) ретінде сол тілді тұтынады, қолданады. Бұл жерде тілдік тұлға дегеніміз – ұлттық әдеби тілді толық меңгерген, ұлттық мәдени құндылықтарды бойына сіңірген, ұлттық рухы бар жеке тұлға деген мәнде қолданылады. Осымен байланысты жеке тілдік тұлға ретінде батыр Б.Момышұлының афоризмдерінің тілтанымдық табиғатын тану маңызды мәселенің бірі болып табылады. Өйткені Бауыржан афоризмдерінің рухани мазмұнына, танымдық болмысына, тілдік ерекшеліктеріне назар аудару арқылы батырдың ұлттық болмыс-бітімін, дүниетанымдық, тілтанымдық тереңдігін түсінуге мүмкіндік аламыз.

Тілдегі афоризмдердің пайда болуы тілдік тұлғаның дүниетанымдық әлеміне, ұшқыр ой мен ұтымды сөзді қолдана білуіне негізделеді. Сонымен қатар афоризмдердің тууына белгілі бір жағдай мен уақыт та себеп болуы мүмкін. Ал

афоризмдердің тілдік қолданысқа енуі мен көпшілікке таралуына олардың халықтық сипаты негіз болады. Осы тұжырым тұрғысынан алғанда, Б.Момышұлы афоризмдерінің көпшілігі ел басына күн туған қиын кезеңде айтылып, сол қиын кезеңнің шындығын, сол қиындыққа байланысты адам бойындағы адамдық, адамгершілік қасиеттердің сыналар тұсын дәл де айқын танытады. Б.Момышұлы - өзінің жеке басының қадір-қасиеті арқылы өзгеге үлгі бола білген жан. Сондықтан оның соғыс кезіндегі ерен ерлігі, қайтпас қайсарлығы, өжет өршіл мінезі, бірбеткейлігі, мақсаттылығы, жоғары ұйымдастырушылық қабілеті, әскери тәртібі мен жинақылығы, қаталдығы мен жігерлілігі, ізеттілігі мен сыпайылығы, барлық ізгі қасиеттері оның қанатты сөздері арқылы көрініс тауып жатты. Сол себепті Б.Момышұлы афоризмдерінің тақырып ауқымы өте кең, мағынасы аса терең. Енді Б.Момышұлы шығармалары мен афоризмдеріндегі жекелеген концептілердің мағынасына назар аударайық.

Соғыс концептісі. Бұл концептіге талдау жасау үшін оның түсіндірме сөздіктердегі мағынасына назар аударайық. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде соғыс сөзінің екі түрлі мағынасы көрсетілген. 1. Мемлекеттердің және бір-біріне қайшы таптардың арасында болатын қарулы күрес, ұрыс. *Мысалы, Ұлы Отан соғысы, азамат соғысы.* 2. Ұрысу, шекісу, түйісу мағынасында. *Мысалы: Екеуінің басы соғысып қалды.* [1, 573-б].

С.И.Ожегов құрастырған орыс тілінің түсіндірме сөздігінде де соғыс сөзінің екі түрлі мағынасы берілген. 1. Вооруженная борьба между государствами. напр. Великая Отечественная борьба. 2. перен.: о войне, враждебных отношениях с кем-н., чем-н. [2, 116-б].

Жалпы, орыс тіл білімінде В.И.Даль құрастырған сөздіктен бастап кейінгі әр жылдарда жарық көрген түрлі сөздіктерінде соғыс сөзінің сан алуан мағынасы, ол туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халықтық ұғымдар, соғыстың түрлері, сипаты жайында жан-жақты зерттеліп талданған.

Негізінен, соғыс сөзі қазақ халқының тілдік санасында адамдардың зор қайғы-қасіреті, бақытсыздық, көз жасы ұғымдарымен байланысты қаралады. Бұл сөздің халықтың өміріндегі барлық қайғылы, қасіретті мән-мағынасын «Соғыс психологиясы» еңбегінде Б.Момышұлы ашып береді. Мысалы: «Соғыс – жеке және уақытша, бірақ адам өміріндегі ең қысылтаяң құбылыс. Соғыс ұзақ жылдарға отанның тағдырын, соғысып жатқан халықтың тағдырын шешеді. Соғыс – халықтың күш-қуаты мен ерік-жігерін сынайтын ұлы емтихан. Қаншама жылға созылса да соғыс адам өмірінде жан түршігерлік қасіретті уақиға болып қалады, ол халық жадында терең із қалдырады» деп, соғыстың жеке адам ғана емес, тұтас бір халықтың тағдырындағы қасіретін терең ашып көрсетеді. [3, 108-б].

Қазақ тілінде соғыс сөзінің лингвомәдени мазмұнына оған тікелей не жанама қатысы бар ұрыс, шайқас, майдан секілді тілдік бірліктер де енеді. Лингвокогнитивтік тұрғыдан алғанда, олар соғыс концептісінің мазмұнын аша түсетін, толықтыра түсетін ұғымдар. Аталмыш ұғымдардың мән-мағынасы қазақтың халық ауыз әдебиетінде, соның ішінде, эпостық жырларда, мақал-мәтелдерде, нақыл сөздерде кеңінен көрініс тапқан.

Ұрыс концептісі. Қазақ тіліндегі бұл сөздің негізгі мағынасы керісу, егесу, жанжалдасу, айқайласу дегенді білдіреді. Сонымен қатар ұрыс сөзі көркем әдебиетте соғыс, шайқас, майдан деген сөздердің синонимі ретінде де қолданылады. Ұрыс сөзінің концепт ретіндегі мән-мағынасын бұл сөз қолданылған нақты мысал мен жағдайға талдау жасау арқылы аңғара аламыз. Мысалы: Жеті күн кіріп ұрысқа, Өлімге басың байладың. (Бұхар жырау).

Б.Момышұлы шығармалары мен афоризмдерінде де ұрыс сөзінің концепт ретіндегі мағынасын саралауға үлкен мән берілген. Ең алдымен, «Соғыс психологиясында» жазушы «Ұрыс – соғысушы жақтардың ұйымдасқан түрдегі қарулы шайқасы, ұрыста әскерлердің қимылдары мақсаты мен уақыты жағынан бірлікте болады, әрі шайқас онша үлкен емес атыс

және тактикалық кеңістікте өрістейді» деп ұрыс сөзінің әскери термин ретіндегі анықтамасын жасайды.

Екіншіден, «Ұрыс дегеніміз – бұл дұшпанға ұйымдасқан түрде әсер ету. Адамға, топқа, дұшпанға әсер ету әр түрлі: ақылмен, психикамен, техникамен, қару-жарақ күшімен. Бірақ ең алдымен ақылмен ықпал ете білу қажет, басқа сөзбен айтқанда, ұрыс дегеніміз - ақыл мен ақылдың шайқасы. Ұрыстың басты, негізгі мақсаты – дұшпанның адам күші мен қару-жарағын жою, құрту, қарсылық көрсете алмайтындай етіп сағын сындырып моральдік күші мен қабілетін басып-жаншу» деп ұрыстың психологиялық сипатын анықтайды. [3, 102-б]. Соғыс, ұрыс сөздерінің концепт түріндегі мазмұны жазушы афоризмдерінде анық бейнеленген. Мысалы:

- Соғыс – күш жұмсау жолымен жүргізілетін саясаттың жалғасы.
- Соғыс жорығы саяхат емес, ұрыс даласы – курорт емес.
- Ұрыс даласы – адам кіретін көр де, адам самғайтын өр де.
- Ұрыс өнері – ұрыста барынша аз шығынмен жеңіп шығу.
- Ұрыс идеалы – бұл ұрыста шығынсыз жеңіп шығу.
- Ұрыс бетпердені, өтірікті, жалған батылдықты жұлып тастайды.
- Ұрыста өмір ешкімге сыйға берілмейді, жеңіп алынады.
- Ұрыста бәрі тексеріледі, адамның барлық жеке қасиеттері сыналады.
- Ұрыста ерлік не мүлдем жоғалады, не барынша толық ашылады.

Үшіншіден, жазушы афоризмдерінде ұрыс, соғыс сөздері адам бойындағы ақыл, ерік, жігер, парыз, ар, ұят, патриотизм, ержүректілік, ерлік, батырлық, батылдық, қаһармандық, т.б. сан алуан көңіл-күй, эмоциялық сезімдермен сабақтаса өріліп отырады. Себебі, бір жағынан, ұрыс, соғыс адам бойында

аталған жағымды қасиеттердің қалыптасып күшеюіне мүмкіндік береді. Жазушы «Тек ұрыста ғана адамның барлық қасиеті сынға түседі. Ұрыс психологиясы сан қырлы. Жеке және қоғамдық өмірдегі адам қасиеттеріне соғыс әсер етпей қоймайды. Ұрыста зәреңнің зәр түбіне кеткенін жасыра алмайсың. Ұрыс жалған батырлықтың бетпердесін сыпырып тастайды. Жалған нәрсе оқтың астында шыдас бермейді. Сондықтан ұрыста – соғыста – адамға тән барлық жоғары және төменгі қасиеттер барынша ашылып көрінеді. Бұл сезімдерді екі топқа бөлуге болады: жоғары сезімдер: парыз, адамгершілік, ержүректілік, ерлік, батырлық, қаһармандық, т.б. төменгі сезімдер: үрей, шошу, қорқыныш, опасыздық, ұждансыздық, т.б.» [3, 23-б]. деп жаза отырып, аталған концептілерге қосымша психологиялық түсіндірме береді және афоризмдер түрінде халыққа кең таралған даналық қорытынды жасайды. Олардың бір парасы төмендегідей.

Парыз концептісі. Парыз – бұл орындалуға тиіс міндет пен әрекет. Парыз алға қойылған міндеттен туады, яғни міндет адамға парызды жүктейді, сондықтан парыз бен міндет адамның қызмет әрекетінде әртүрлі. Парыз дегеніміз - өзінің мағыналық аясына ақыл-ой, сезім, ерік-жігер, ар-ождан, абырой, әділдік, шындық, сүйіспеншілік, сияқты қасиеттерді қамтып, оларды адам өміріндегі қайшы құбылыстарға қарама-қарсы қоятын жоғары интеллектуалды ұғым. Өз парызын саналы түрде түсіну ғана солдатты бәрінен жоғары қояды, оның мәртебесін көтере түседі, қорқақтық пен опасыздықтан сақтандырады. Парызды саналы түрде түсіну ғана жауынгердің қажыр-қайратын, моральдік күші мен қабілетін екі есе арттырып, шабыттандыра, жігерлендіре түседі. Парызды саналы түрде түсіну ғана жеңістерге серпін береді, ерлік адам бойындағы қуатты тасқындатып, творчестволық күш қайнарын ашады. Парызды саналы түрде түсіну ғана барлық игілікті істерге аспандағы бағдар сілтер жұлдыз сияқты, адамның барлық ұлы және тамаша нәрселерге қабілетін арттыра түседі. [3, 110-б].

- Парыздан мықты күш жоқ.

- Парыздан берік сауыт жоқ.
- Парыздан нәзік сезім жоқ.
- Парыздан қатал қазы жоқ.
- Парыз – жан рухы, жүректердің жүрегі.
- Парыз – арман мен даңқ шыңы.
- Парыз – сүйіспеншілікке шабыттандырушы.
- Парыз – сенімділік тірегі.
- Парыз – ерліктің жүрегі.
- Парыз – ерлік рухы.
- Парыз – ар-ождан іргетасы.
- Парыз – абырой қорғаны.
- Парыз – өмірді ғана мойындайды.
- Парызға өлім жат.

Парыз ерлікке бастайды.

Ерлік дегеніміз - ширыққан ішкі күрестің, ең алдымен, адамның өзін жеңе білген күресінің нәтижесі. Ерлік – бұл табиғат сыйы емес, әскери тәрбиенің жемісі, ең алдымен, өзіңнің ар-намысыңды және азаматтың қасиетті абыройын опасыздық, маскара болу, ұят сезімінен қорғай отырып, отан алдындағы парызды орындау үшін өзінді саналы түрде қауіп-қатерге бас тігуге мәжбүр етудің нәтижесі. [3, 258-б].

- Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті.
- Ерлік елеусіз қалмайды.
- Ептілік те – ерлік.
- Ұрыста тәуекел ету де - ерлік.
- Ел үшін аянба, ерлігіңе сын.
- Ел қорғау жолында ерлікпен өлген ерлердің жазығы жоқ.
- Өжеттіктен не пайда, ерлігі мен ақылы, көпті батыр етпесе.

Жазушы «ерліктің анасы – мақтаныш» деп санап, адамның мақтаныш сезімін екіге бөледі: жеке мақтаныш сезімі және ұлттық мақтаныш сезімі.

«Жеке мақтаныш сезімі ерлікті тудырады. Жасық жан ержүрек бола алмайды. Жасық жан жанқиярлық ерлік жасауға да қабілетсіз.

Ұлттық мақтаныш сезімі – дегеніміз белгілі бір ұлт адамының немесе басқа бір ұлт адамының көптеген жеке мақтаныш сезімінің жиынтығы болып табылады, ұлттық мақтаныш сезімі әрбір ұлт адамдары үшін бұзылмас заң. Кімде-кім өз ұлтын сыйламаса, ол барып тұрған арамза. Өзін сыйлай алған адам өзгені де сыйлай алады, белгілі бір ұлттың толық азаматы болып әрі өз ұлтынды мақтан ете отырып, сен басқа халыққа да лайықты қарай аласың». [3, 39-б]. Ерлікпен егіз ұғым – батылдық пен батырлық.

«Батылдық – қимыл әрекет есебін тәуекел етумен үйлестіре алушылық. Тәуекелді есеп ақтайды. Есепсіз тәуекел – түл».

«Батырлық – ептілікті батылдықпен ұштастыра білушілік. Ойланбай жасалған батырлық - есерсоқтық» [3, 28-б].

- Батыр батыр емес, батырларды бастаған батыр.
- Батылдық пен ержүректілік жүректен шығуы тиіс.
- Байыппен істелген батылдық - әскери таланттың туысы.
- Табандылық – батылдықтың қалқаны.

Жазушы аталған концептілермен мағыналық байланысты ар, ұят, абырой, ерік, жігер, тәртіп, шындық, патриотизм, ержүректілік, қаһармандық, опасыздық, ұждансыздық, т.б. көптеген адамгершілік ұғымдарға терең концептілік талдаулар жасаған. Бір мақала көлемінде оларды тегіс қамтып баяндау мүмкін емес, сондықтан жазушы афоризмдерінің өзегі болып табылатын негізгі концептілер турасында ғана сөз қозғадық.

Қорыта айтқанда, Б.Момышұлы афоризмдері терең логикалық жүйеге негізделген, жалпыхалықтық қолданысқа айналған, образды, поэтикалық көркем, жазушының тілдік танымдық әлемі мен тұлғалық болмысын танытатын даналық ойлар болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1999ж.
2. С.И.Ожегов. Словарь русского языка, М. 2005г.стр.
3. Б.Момышұлы. Қанмен жазылған кітап. Алматы, 1991ж.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ТАҚЫРЫБЫ

**ҚУАНЫШ Т.Т.
БҚИГУ
аға
оқытушысы**

Көркем әдебиеттің негізгі нысанасы – адам. Қандай жанрдағы шығарма болмасын, оның бейнелейтіні адам өмірінің көрінісі, тағдыры, адамдар арасындағы қарым-қатынас. Қаламгер адам өмірі арқылы қоғам өмірінің шындығын ашады. Әрине, көркем шығармадағы образдың жасалу жолдары түрліше.

Кезінде социалистік реализм әдісімен қаруланған ақын-жазушыларымыздың басты міндеті заман шежіресін жасап, өзімен бірге араласып жүрген, адамзаттың асыл арманын жасаушылардың қаһармандық алып тұлғасын жырлау болды. Сонымен қатар, өткен заманда бостандық, бақыт, теңдік үшін күрескен ата-бабаларымыздың өмірін суреттеп, кейінгі ұрпаққа оны таныстыру да кеңес ақын-жазушысының шығармашылық нысанасы болды. М.Горький: «Өткен өмірді неғұрлым жете білсе, оған қазіргі өмір соғұрлым түсінікті болады, ол біздің заманның мейлінше революциялық заман екенін, оның әлеуметтік-саяси ой-пікірін білу өте қажетті нәрсе» [1.138-б], – дейді. Тарихи тақырыпқа арналып, өткен тарихи адамдардың

образын жасаған көрнекті туындылардың да бүгінгі адамдардың рухани қажетін өтейтіні сөзсіз.

Тарихи тақырып қазақ кеңес поэзиясының қалыптасқан уақытынан күні бүгінге дейінгі кезеңдердің үлкен бір арнасы болып келеді. Бұл, әсіресе, поэзияның ауқымды саласы поэмаларда көбірек байқалады.

Қазақтың қазіргі эпикалық поэзиясында тарихи өмірді, Екінші дүниежүзілік соғысы оқиғаларын суреттейтін поэмалардың шоқтығы биік.

Соғыс таңбасы он екіде бір гүлі ашылмай жатып жесір атанған ананың жүзіндегі айқұш-ұйқыш әжімде, әкесін көрмей өсіп, ат жалын тартып мінген азаматтың жүрек түкпірінде, ажал оғының арасынан аман оралған, қатал күндердің қаһарман кейіпкері, тірі куәсі батырдың тыртығында мұз боп қатып, сыз боп сыздап, жазылмас жара болып қалды. Ақын атаулыны адамзат түскен ауыртпалықтың қандайы да аландатпай қойған емес. Соның ішіндегі сорақысы да, сұрапылы соғыс атты жойқын алапат – халық трагедиясы. Аталып отырған кезеңдегі жазылған М.Әлімбаевтың «Ту тіккен», Д.Әбіловтың «Дала солдаты», Ж.Нәжімеденовтың «Келін», «Көзсіз батыр», «Қанды сүт», Т.Молдағалиевтің «Хаттар, хаттар», «Жеңеше», «Өрік ағашы» поэмалары сұрапыл соғыс кезеңінің әр түрлі сипатын бейнелеуге арналған. Бірінде майдан даласындағы кеңес жауынгерлерінің айбынды ерлік істері суреттелсе, енді бірінде соғыстың тыл өміріне әсері, артта қалған ел өмірінің қабырға қайыстырар ауыр тірлігі мен оған қаймықпай қарсы тұра білген халықтың оптимистік рухы бейнеленеді. Поэмалар сюжетіне соғыстағы солдаттың, ауылдағы қарт ана, ене мен келін, жеңге мен қайын арасындағы әрекет пен олардың басынан кешкен жайлары арқау болады.

Әдетте қазақ поэзиясында екінші дүниежүзілік соғысы тақырыбына арналған поэмалардың сюжеттік мазмұны майдандағы жауынгерлердің ерлік істеріне байланысты тартысты оқиғалар желісінде жазылатыны белгілі. Осы бағытта қалам тербеген ақындардың бірнешеуін атап өткенді жөн көрдік.

Сұрапыл соғыс жылдарын жырлаған ақындар жауынгер анасы жайлы айтпай кетпейді. «Солдат анасы» атты балладасында ақын Қ.Жармағамбетов отты жылдары жанын беріп, еліне оралмаған баласын күткен ананың қайғы-мұңын монолог арқылы жеткізеді.

Жалғызым, қашан келесің,

Есіктен қашан енесің.

Суалтқан өзің шандырдың,

Үрпісін қашан емесің?! [2.80-б], –

деп зарлаған сорлы ананың даусы жүрегінді шымырлатады. Балладаны оқи отырып, баласын сарғая күткен бір ананың қасіретін ғана емес, мыңдаған ананың қайғы-қасіретін сезінеміз. Осы тақырыпқа көптеген ақындар қалам тербеген.

«Өксіген өмір» балладасында жас арудың амалсыздан шалға тиіп, ақыр аяғында:

Бірақ, оның оралмады сүйгені,

Дүние салды амалсыздан тигені.

Сөне берді жалынды, отты жастық шақ,

Күзетші боп қалды отбасы үйдегі [2.101-б],-

деп жесір қалғандығы айтылады. (Қ.Жармағамбетов) Жеке адамның тағдыры – Отан, ел тағдырымен біте қайнасқан, қашанда бірге. Ақын халық өмірінің маңызды құбылыстарын суреттейді. Кез келген нәрсенің екі жағы болатынына тағы да көзіміз жеткендей. Отан жеңіске жетіп, дұшпандары таба болып жатқанда, мыңдаған адам тағдыры быт-шыт болды. Жетім-жесірлер бойын үрейге билетіп, үзілген үміттеріне қабырғалары қайысқанша қайғыруда болды.

Жақұт сөзбен жауһар жыр өрген ақындарымыздың бірі – Ж.Нәжімеденов. Ол қазақ лирикасында баллада жанрында көптеген шығармалар жазды.

Ақынның «Домбыра» деп аталатын эпикалық шығармасында соғыстан оралмаған жауынгердің мұң-қайғыға батып жүрген анасын көреміз.

- Отыз жыл бұдан бұрын жалғыз ұлым,

Қос ішекке байлап кеткен бар қызығын.

Сол ілген орыны осы,
бұл бейбақтың

Күйі де дәл сол күні қалды үзіліп [3.10-б], -

деп зар жылаған қарт ананың ащы даусын естиміз. «Ұл өлді: қара тақтым домбыраға, келін өлді: тағы да қара тақтым», – деп отыз жыл бойы қара жамылып, ұлының аманат домбырасына тебірене қарап, содан бері жаралы жанның отын сөндірмепті. Жалғыз ұлынан қалған домбыраны көзінің қарашығындай сақтап, соғыс атты жалмауызға қарсылық көрсеткен ана бейнесінен мыңдаған зарлап қалған жетім-жесірлерді көргендей боласың. Көз алдыға соғыс уақытындағы, одан кейінгі қысталаң кезеңдегі жетім-жесір трагедиясы келеді.

Майдангер ақын Дихан Әбілев те кейбір шығармаларын екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбына арнаған. Қаламгер «Ана жүрегі» балладасында майдандағы баласын сарғая күткен ананың қасіретін көрген түс, елес күйінде кестелеп, сырлы көрініске айналдырған. Жанары талмай күндіз-түні көкжиекке қарап, үмітін үзер емес. Ақ шашты ана өңінде сәбиінің дүниеге шыр етіп келген күнінен бастап, онжылдықты аяқтап, оқуға емес, военкомға аттанған сәтін көз алдына елестетіп, көрген түсінде аман оралған ұлымен қауышып жатады. Түсіне енген зұлым бөрі – соғыс атауының кейпі тәрізді:

«Қайда ұлым, қайда келінім, немерем?!

Жаңағы не? Ақылдан алжасқаным ба?» [4.173-б], - деген күйзелісі көкіректі қарс айырады.

Ақындардың көп жырлайтын тағы бір тақырыбы – сұрапыл соғыстан қалған адам бойындағы жара, оның ұлт болашағына тигізген кеселі.

Дарынды ақындардың бірі – К.Мырзабековтың «Бір шаңырақ туралы балладасында» да ұлт мінезі танылады. Мұнда ақын жалғзын күткен қария мен кейуананың тағдырын толғайды. Эпикалық туындының алғашқы бөлімінде кезек-кезек күй шертіп, ұлдарының аман-есен оралуын тілеген байғұс ата-ана:

- Домбырам басы дың-дың-ау,

Фашистер өлсін мың-мың-ау,
Ақ түндігімнің желбауын
Жел үзіп кетсе сұмдық-ау, -
дейді. «Үмітсіз тек шайтан» демекші, күндіз-түні ұлдарын күтіп,
сарғайған жандар жанарлары талғанша әрі үміт, әрі қобалжумен
елеңдеп қырға қарайды. Келесі бөлімінде кемпір-шалдың
бойындағы үрейдің бекер болмағанын көреміз. Тағдырға нала
болған ананың зарлы үнін, ащы даусын естиміз:

-Сан ұлым сайда қалғанда,
Маңдайын ұрған мен бе едім.
Осынау қысқа жалғанда
Аз ба еді менің көргенім.
Артымда қалған кезімде,
Атан құлатқан желдерім.
Саябыр тауып кезіккен
Самалым еді ол менің.
Соны да маған көпсінсең,
Әдіра қалсын, әй дүние,
Кереметің мен кермегің [5.28-б].

Дастан жолдарындағы жоқтау сарыны оқиғаның
драматизмін күшейтіп отыр. Соғыс уақыты, оның тауқыметін
тартқан миллиондаған тағдырлар, жетім-жесірлер трагедиясы
бір мезетте санаңнан сырғып өткендей болады. Оқушысын
осынау ерекше күйге бөлеп, өн бойын шымырлатып,
көркемдікпен толғау тек қана келісті, талпынысы күшті шыққан
шығармаға лайық. «Ажалы келген жандардың артынан өлу жоқ»
дейтін, «Қазақтың қара шаңырақты шайқалғаныменен құлатпау»
тәрізді қасиетті ұғымдарды назарға алып, қаламгер қазақ
халқының мықты рухын, өзгеге өнеге болатын салтын
жырлайды.

Соғыс тақырыбына еркін қалам төсеген ақынның бірі-
Ж.Набиуллин. Жанғали ақынның философиялық толғаныстан
өрілген поэма-дастаны-«Соғыстың соңғы күні». Жалпы соғыс
тақырыбындағы туындыларда кездесетін желінің екі түрі бар:
бірі – тарихи оқиғаны басты негізге ала отырып ойдан, жазушы

қиялынан шығарылған сюжетке, тұлғаларға орайластырыла жазылады; екіншісі – болған тарихи шындыққа сай, негізгі оқиғаға, нақты фактіге сүйеніп, өмірде болған адамдардың көркем бейнесін жасайды.

Қаламгер туындысын Жеңіс күнінде туылғандарға арнап, үш бөлімге кешегі соғыс отын тоқтатқан соңғы оқ пен соңғы құрбанның белгісіздік бейнесін, бейбіт күнде соңғы оқ залалынан көз жұмған ардагердің айқын бейнесімен салыстыра береді. Жеңіс күні туылған Жеңістердің психологиясындағы бейбіт күннің шуағынан жеңістің қанды қуанышының көрінісі қалыстау болатындығын философиялық тереңдікпен суреттейді. Ұлы Жеңісті: «Әкелердің өмір жолы Европаны азат етуден басталыпты» деп, сұрапыл оттан жаны аман қалған жауынгердің өмірге қайта келген, екінші жарық дүниесіндей болған нұрлы күнді қара түнекпен салыстыра жаңа тірліктің құдіретін көрсетеді.

Ақын толғанысы былайша басталады:

Сұм соғысты көкіректен бір теуіп,
Күн шықты...
Сұлқ түсіп, опасыз от тұншықты.
Автоматтың ажал ұшқан аузынан
Атылмай бір оқ қалды.

Оқ қалды!

Содан-ақ қасірет-қайғы тоқталды.

Қанды қырғын қасіретінен күнде жанын шүберекке түйген жауынгер – жаңа бейбіт өмір адамы. Үрей, қорқыныш-жұбаныш, қуаныш! Ақын құбылыс алмасудың ғажайыбын бір сәттік әсермен алмастыра жеткізеді. Іште шемен боп қатқан ыза-кек бір сәттік сәуледен быт-шыты шығып, рахат дүниеге құшағыңды жаясың.

Ақын поэмасындағы символ – ақиқат. 1945 жылдың 9-мамырында дүниеге келген Жеңістер – бейбітшіліктің тұңғыштары. Бейбіт күн жарық дүниеге адамзат сыйлады. Олар соғыс отын, отқа оранған тажалды күндерді көрген жоқ, ажал

кұрсауына алған жауынгердің ақырғы ышқынысын естіген жоқ.
«Жеңіс!» Бір ғана есім. Бірақ ақын бір ғана есімге қаншама ой
сыйдырған. Осы есімді фәни мен бақидың көпіріндей көрсеткен.

Жанғали ақын:

«Білмейміз» - дейсің бе?

Жассың ғой.

Соғысты, өң түгіл, көрмедің түсінде.

Жассың ғой.

Бақытқа массың ғой.

Кешірім тек сол үшін де,-

деген сабырлы да салмақты сөздерін ұсынады.

Ең соңғы –

Ұлыстың сол ұлы күні де

Адамдар сан «қара қағаз» алыпты –

десе, Жеңіс күні туылған Жеңістерге:

...Ақыры,

Сен туған тыныштық күні де...

Тыныштық болмапты –

деп, сол күннің ақиқаты арқылы аяқтайды.

Ой түйіні: «Соғысты жеңу – ерлік, Соғысты енді
болдырмау-қаһармандық!», «Соғысты болдырмау – сендердің
жеңісің!» деген азаматтық пафоспен жасалады [6.104].

Қазақ әдебиетіндегі эпикалық шығармалардың ішінде
тарихи шығармалардың орны айрықша дараланып тұрады.
Тақырып нысанына алған шындығы негіз болғандықтан дәуірі,
кезеңі бір жекелеген оқиғаларға арналған эпикалық өлеңдердің
тұтастануынан да көлемді эпикалық шығарманың жырлану
мүмкіндігі айқындалады. Осы бағытта, М.Әуезовтың ғылыми
тұжырымы осы жанрдың поэтикалық болмысын түсінуге
бағыттайды: «...тарихи өлең ел әдебиетінің жаңа бір ағымы
сияқты. Тарихи өлеңдер ең алдымен ел тіршілігінде анық болып
өткен тарихи оқиғадан тұрады. Тарихи өлеңдердің ішіндегі
адамдар – жалпақ елге белгілі, жалпақ елге қадірлі сүйкімді
адамдар. Сол адамдардың ісі, беттеген мақсаты, көптің өміріне

қозғау салған әсері көптің аузында неше түрлі әңгіме болып қалады. Бұл әңгімелердің көбі сол оқиғалардың ішінде болған, көзі көргеннің әңгімесі. Сондықтан, сөзі мен суреттерінің шындығы көбінесе даусыз. Сондайлық тарихи оқиғалар өз тұсында көпке жайылған жанды әңгіме болып жүрсе, кейде ақындардың қолына жетіп, өлең өлшеуіне түседі. Тарихта болған оқиға өлеңге айналған соң өзі ескінің тарихы болып жоғалмайтын болады» [7.141-142-б].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Горький М. Әдебиет туралы. Алматы, 1954. 138 б.
2. Жармағамбетов Қ. Шыңдағы шамшырақ. Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 1976, 248 б.
3. Нәжімеденов Ж. Темірқазық: Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Жазушы, 1988, 110 б.
4. Әбілов Д. Көкжиек: Өлеңдер, балладалар: Жоғары класс оқушыларына арналған. Алматы: Балауса, 1992, 224 б.
5. Мырзабеков К. Тамшылар. Алматы. 2006, 165 б.
6. Набиуллин Ж. Жетінші перне, 2-том. Орал: Полиграфсервис, 2003, 326 б.
7. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 19 том. Алматы: Жазушы. 1985, 369 б. Әдебиет тарихы. Алматы. 1991, 142 б.

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТІЛ КӨРКЕМДІГІ

**БЕКМАШЕВА А.Н.
БҚИГУ доценті, ф.ғ.к.**

Қасым – қазық поэзиясының пір тұтар азаматы. Оның жүрек нұрынан туған ойлы, сырлы өлеңдері кез келген жанның санасына жарық сәуле түсіреді. Оның өлеңдері қаншалықты биік болса, адамзаттың оған деген махаббаты да сондай. Қасымның поэзиясы адамның жан сарайын жаңғыртып, ой-санасын сәулелендіріп, болмыс-бітімін жаңаша жасандыра, жарқырата түсетін нақты рухани күшке айналып отыр. Ол қай өлеңінде, қай дастанында болсын, ел алдында еркін сөйлеп, емірене еркелеп, тосылмай толғап, жан сырын жайып салатын жомарт акын. Қазақ халқы өзінің бар арман-мақсатын, мұң-қайғысын, үміт-тілегін Қасым мұрасы арқылы жалғанның жарығына жария етті. Оның өлеңдеріндегі образ – сөздің қайталанып келуі музыкалық өрнектің де міндетін атқарғанын, кейіннен акын жырларына жазылған әуен-саздарынан байқалады. Қасым Аманжолов поэзиясында бейнелеу, ажарлау, құбылту тәсілдері арқылы жасалған бейнелілік-көркемдік байлықтар сонылығымен, тосындығымен ерекшеленеді. Қасым поэзиясынан нәр алып қалыптасып, өсіп дамыған акындар өмір құбылысын, замана шындағын, адам психологиясын суреттеуде де көркемдік бейнелеудің сан алуан түрлерін Қасымша толғап қолданған. Қасым өзіне дейінгі ұлттық поэзия үлгілерінің озығын өз болмысына сіңіріп қана қоймай, ақындықтың шеберлік мектебін дамытты. Егер дәстүр мен жаңашылдық сияқты тарихи-философиялық ұғымдар тұрғысынан елсек, жыраулар поэзиясы, Махамбеттің жырлары Қасым поэзиясы үшін рухани күштің қайнар көзі бола алады. Ал оның тамаша өлеңдері, дастаны өзінен кейінгі Жұмекен Нәжімеденов, Төлеген Айбергенов, Мұқағали Мақатаев, Серік Ақсұңқарұлы сынды акындардың өнеге алар мектебіне айналды.

Қасым Аманжолов шығармашылығындағы көркемдеу құралдары, тіл ерекшеліктері, өлең өлшемі, үн, өлең құрылысы, Қасымның бұл саладағы жаңалығы, ақындық шеберлігі мәселелеріне қысқаша тоқталсақ деймін. «Поэтика көркем туындының табиғаты, көркемдеу құралдарын қолданудың эстетикалық жүйесіндегі заңдылықтар туралы ғылым. Қарапайым түрде пайымдасақ, поэтика – көркем шығарманың сыры мен сипатындағы үйлесімдер, үндесулер жүйесінің заңдылығы» [1,118]. Лирикалық поэзияға жан беретін – көркемдік ойдың қуаттылығы, сезімнің оттылығы, нәзіктігі. Лириканың басқа жанрлардан, яғни сан алуан адамдардың қарым-қатынасын, қоғамдық тартыс-шиеленісті баяндайтын көлемді, оқиғалы шығармадан айырмасы да, өзіндік артықшылығы да, міне, осында.

Ақын поэзиясына ден қойған адамға алғаш байқалар ерекшелік – лирикалық кейіпкердің қайтпас, мұқалмас бейнесі. Ой көркемдігі, тіл шеберлігі және бар. Сөзді ойнатып, мың құбылтып қолданады. Суреттеулері ғажап!

Оралым, шықтың алдымнан,
Оралым менің, Оралым.
Қол созып қызыл вагонна,
Үстіңнен өтіп барамын. [2, 227]

Өмірдің жастық шағы ойнақтап өткен жер – ақынға ерекше ыстық. Сондықтан да іңкәр ақын тебірене жырлайды. Бұдан кейінгі шумақта Орал – ақынның талай тәтті арманын, шығармашылық ойын әлдилеген құтты бесігі екенін аңғарамыз.

Шағанның бойы – көк шалғын,
Шалқамнан жатқам шаңқай түс;
Гүл болып менің құшағым
Кеудеме қонған бұлбұл құс. [2, 227]

Осылайша жас шағының қимас қызығы қалған қаласын еске алады. Бұл жолдардағы сұлу сурет пен сағыныш сезімі жай ғана әсер етіп қоймайды.

Сонау бір шетте, сонау үй,

Кетер ме, сірә, көңілден,
Махаббат, жастық лебімен. [2, 227]

Шыншыл ақынның сөзі анық көрініп тұр емес пе? Бұдан талай жастар терекке сүйеніп өткізген талай кештерін есіне түсіре алады. Ақынның жеке сезімі оқушының сезімімен табысып жатады дейтініміз де сондықтан.

Майданға аттанып бара жатқан Қасым Оралға деген бар ынтасын, ықыласын, мейірімін, сағынышын ақтара салады.

Сағындым сені, Оралым,
Күндер жоқ бейбіт бұрынғы
Келгенше қайта оралып,
Алып қал осы жырымды. [2, 227]

Оралға осы өлең арқылы ғашық болуға болады. Өлеңде тамаша сурет, табиғат сұлулығымен бірге, жаныңды үзіп, өзегіңді өртер үлкен қасиетті сезім, Отанға, туған елге деген шынайы, ыстық махаббат сезімі бар. Бұл сезімнің шынайылығы да ғажап. Ол ақынның осы қалада болуы, мұнда қызықты, қымбат, жастық шағын өткізуімен одан әрі айқындалып ашыла түскен. Осы ойын ақын жалқы есім *Орал* мен етістік мәніндегі *оралу* сөзімен үйлестіре отырып, әдемі бере алған.

Өлең былай аяқталады:
Қош бол енді, Оралым,
Мен үшін сен күл, сайраңда..
Айтпақшы қайда бораның?
Кетейін алып майданға. [2, 227]

Өлеңнің әлеуметтік сыры терең әрі нәзік ашылған. Бейбіт елдің майданға бара жатқан ақыны бақытты өлкесін қия алмай, елжірей қоштасады. Осы қимастық сезім қайталама тәсілі арқылы шебер берілген.

Оралым, шықтың алдымнан,
Оралым менің, Оралым!
Қол созып қызыл вагоннан
Үстіңнен өтіп барамын. [2, 227]

Дәстүрлі өлең өлшемдерінен, өлең үлгілерінен мұндай ырғақ, мақамды таппайсыз. Бұл – өмірі де, өзі де өлеңнің

сиқырлы сазына айналып кеткен ақынның дара тынысы. Оның бүкіл шығармашылық сымбатын поэзияның түрі емес, тақырыптың жігі емсе, өзіндік өзекті рухты тұтастырып тұр.

Қасымның сөз қолданудағы тағы бір ерекшелігі – бүгінде сирек қолданылып, архаизмге айналып кеткен сөздерді сезімге эмоциялық күшті әсер ететіндей етіп, жаңғыртып, жасартып, тірілтіп қолдануы. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысал келтірсек:

Тынышталды бір кез
Таң қараңғысы,
Сөндірді соғыс жер ошақтарын
Пісікдей асы...

Бір орман құсы

Қанатын жайып, төкті кеп зарын. [2, 218]

Қасым Аманжолов шығармашылығындағы алғашқы туындыларынан бастап аңғарылатын ерекше қасиеті – бейнелі тілмен бірге, бедерлі салмақта айшықтар мен поэтикалық кескіндемелердің молдығы. Солардың бәрі тақырып аясында келісті көркем кестесін тауып, өзара жарасымды өрілетіні де ақындық шеберліктің өзінше бір түзілімі.

Қасым Аманжоловтың бүгінгі сөз қолданысымызда жиі ұшыраса бермейтін, ақынның қажет қырын тауып, орынды қолдануының нәтижесінде өлеңде үлкен көркемдік жасап тұрған, сонымен қатар Қасымның ұлттық бейнені ойлау өресі өрнектері өте көп. Мысалы,

Өмірдің алтын кесесін
Үйіріп алшы түсірдік;
Өмірдің алтын діңгегін
Бойлата бұлтқа орнаттық! [2, 173]

Бұл жолдардағы «сақа», «алшы», «діңгек», «құрсаулы», «кәрлен», «шала», «шенімен», «жер ошақ», «диуана» сияқты сөздер біздің бұл пікірімізді дәлелдейді. Кейде тіпті поэзия жолдарынан орын алу былай тұрсын, оған *қоңсы қона алмас* деген кейбір сөздердің өзін ақын орнымен, қажет қырын тауып, шебер қолдануының нәтижесінде өлең жолдарында ойнап

кеткені бар.

Қасым заманы мен Мағжан заманы бірдей еді деуге келмейді, демек, XX ғасыр басындағы әдеби үдерісті, ақын ұстанымын XX ғасырдың кеңестік дәуірінің бел ортасында ғұмыр кешкен Қасым шығармашылығымен салыстыру қиын. Мағжан- Қасым поэзиясына Теміқазық іспеттес, адастырмас құбылнама болады. Ғасыр басындағы сәл де болса еркіндік, демократия элементтері коммунистік- большевиктік жүйе әбден күшіп, нығайған соң мүлде жойылып, үні өшті. Мағжанды ұлықтамақ түгілі, оның есімін ауызға алу қатерге айналды. Мағжанның шығармаларына тыйым салынса да, оның жырларына азаматтық, ақындық болмысына сіңірген ақын Қасым еді. Алаш идеялары келмеске кеткенімен, Қасымдар ол идеяларды шама-шарқыны келгенінше өздері жасаған рухани игіліктері үшін жұмбақтап, астарлап, ұтымды түрде пайдалана білді. Төлеген Айбергенов, Жұмекен Нәжімеденов, Мұқағали Мақатаев, Кеңшілік Мырзабеков, Серік Ақсұңқарұлы да Қасымның дәстүрін жалғастырып, дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыра білген, өлең- жырларында қазақтың оралымды бай тілінің көркемдік құралдарын мол да шебер пайдалана алған тіл қолданыстары ерекше ақындар. Бұл ақындардың поэтикалық тілі бүкіл бір әлем деуге болады, олардың өлең жүйесі немесе өрімі болсын, ырғағы мен ұйқысы, бунағы иен буыны болсын яки ажырау, айшықталуы болсын, бәрі де тек Қасымдық сипатта құбыла құлпырып тұрады. Мұның бәрі Қасым өлеңдеріндегі көркемдегіш- бейнелілік құралдардың қолданылуын жетік меңгеріп, ақын поэзиясында суреттеу амал- тәсілдерінің қаншалықты, қалайша дамығандығын назарда ұстап, өз өлең- жырларына үлгі қылып алғандығы яғни суреткерлік шеберлік жолында тынымсыз және түгел мойындаған Қасым Аманжолов қазақ халқы мәдениеттінің тарихында өшпес жұлдыздардың бірі болып қалады. Туған халқының арман-мақсатын терең түсінген, толғай жазған, жанының жыршысы болған өмірі - мәңгілік ғұмыры енді басталып отыр. Өлмес өнері - өлеңі жалпақ елінің жүрегіне жол тауып, бүкіл халықтың сүйіспеншілігіне бөленген

ұлы перзентінің ұрпаққа ұран болған жырларын ел де ешқашан есінен шығармасы анық. Біртуар дара дарын Қасым Аманжоловтың қаламынан туған қанатты жырлар халқымен бірге мәңгі жасай бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тұрсынхан Әбдірахманова. Қасым Аманжолов поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1976 жыл, 296 бет
2. Қасым Аманжолов. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Үш томдық. 2-том. 1956 жыл, 550 бет

XX ҒАСЫР 1960-1990 ЖЫЛДАРЫНДА САЛАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕР ҚҰРУ МӘСЕЛЕСІ (МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ)

**АБДУЛМАНОВ А.А.
ф.ғ.к., БҚИГУ доценті**

Тілдің ғылыми-өндірістік ортада жоғары интеллектуалды қарым-қатынас немесе кәсіби ақпарат алмасу мақсатында пайдаланылуы сол тілдің арнаулы қызметін арттырып, терминдер қатарын туғызуға септігін тигізетіндігі сөзсіз. Термин қалыптастыру әрекеті өз бастауын оқу әдебиеттерінен алатын болса, терминдердің топталып, тілде жинақтала түсуінде терминологиялық сөздіктердің маңызы зор болып келеді. Ал терминдердің сараланып реттелуінде, талданылуында ғылыми зерттеу еңбектердің орны айрықша деп айтуымызға болады.

Ғылым мен техниканың дамуы жаңа терминдердің шығуын және олардың жүйеленуін талап етеді. XX ғасырдың 30-жылдарынан бастау алған мұнай-газ оқулықтарын жазу және аудару ісі 60-жылдары да өз жалғасын тапқан еді. Осыған орай тілдің арнаулы сипаттағы қолданысы күрделеніп, терминдер қатары молайды. Бұл жағдай өз кезінде арнаулы сала тіліне қатысты сөздіктердің тууына алып келді.

Мұнай-газ саласына қатысты терминологиялық сөздіктер алғаш рет Ғылым академиясы жанынан 1960 жылдардан бастап жарыққа шыға бастаған: «Тау-кен ісі жайында орысша-қазақша терминологиялық сөздік». I том, Алм. 1959 жыл; «Орысша-қазақша терминологиялық сөздік». 3-кітап (геология терминдері), Алм. 1960 жыл; «Орысша-қазақша терминологиялық сөздік». Алм. 1962 жыл. Аталмыш сөздіктерді құраушылар А.Машанов, А.Ч.Мусин, Ғ.А.Айташов, М.Т.Бақаев, Қ.Х.Нұғыманов, З.С.Сейдуалин, Ш.И.Ыбыраев негізінен, сөздіктерде жалпы геология терминдерін қамтып, ал нақты мұнай және газ саласына қатысты терминдерді сирек көрсеткен. Ізденіс барысында мұнай мен газ өндірісінде қолданылатын терминдерді тек 1972 жылы жарық көрген Н.Тұяқбаев пен А.Абдрахмановтың «Барлама бұрғылау» бағытындағы орысша-қазақша сөздігінен ғана көре алдық.

XX ғасырдың 60 жылдарынан бастап қазақ тіліндегі салалық терминдер мен термин мәндес сөздерді ғылыми тұрғыдан зерделеу қолға алына бастаған болатын. Бұл ретте тілші-мамандардың зерттеу еңбектерін нақты көрсете аламыз: Қ.К.Тұңғышбаев «Қазіргі қазақ тілінің көмір өнеркәсібіне байланысты өндірістік-профессионалдық лексикасы» (1956 ж.), М.О.Исамбаев «О формировании терминов при составлении русско-латинско-казахского медицинского терминологического словаря» (1961 ж.), А.Тажмуратов «Термины технических культур в казахском языке» (1966 ж.) т.б.

Көрсетілген алғашқы кандидаттық диссертациялардың ішінен мұнай және газ саласына біртаман жақыны – көмір өнеркәсібіне қатысты зерттеу еңбегі. Анықтап қараған кезде

көмір өндірісі мен мұнай өндірісінің технологиялық ұқсастықтары бар деп айта аламыз. Әсіресе геологиялық, физикалық, техникалық атаулары өте ұқсас тіпті ортақ болып келеді.

Жалпы ғылыми интеграцияның көрсеткіші ретінде жаратылыстану ғылымдарына термин сөздерінің бірдей өндірістік үдерістерде қолданылуы салааралық терминдердің қатарын молайта түсті. Сол жылдарда жазылған салалық зерттеу еңбектері бұл сөзімізді қуаттайды: *«...өндірістік-профессионалдық сөздердің тобы тек қана көмір өнеркәсібіне тән ұғымдар мен түсініктерді ғана қамтып қоймайды. Сонымен қатар, олардың бірқатары өмірдің басқа саласында да қолданыла береді»* [1, 84 б.]

Ғылыми-техникалық төңкеріс кезінде қолданыста пайда болған терминдердің көпшілігі дерлік орыс тілінде болды. 1956 жылы М.Б.Балақаевтың жетекшілігімен «Қазіргі қазақ тілінің көмір өнеркәсібіне байланысты өндірістік-профессионалдық лексикасы» деген тақырыпта Қ.К.Тұңғышбаевтың жазған зерттеу еңбегінде: *«... Сол сыяқты тұрақты мағынасы бар терминдік сөздерді тілімізге батыл, еркін енгізудің арқасында, қазақ әдеби тілі соңғы бір ширек ғасырдың ішінде-ақ шын мағынасында - әрі жан-жақты бай, әрі әдеби тіл қатарына қосылды»* [1, 80 б.], - деп көрсетеді. Ғылыми еңбектерді саралап отырсақ, орыс тіліндегі термин сөздерді көптеп қабылдау тенденциясының орын алғандығын айқын көруімізге болады. Алайда қандай тәртіппен, қандай ережеге сай орыс тілді терминдерді қабылдануы керек? Сол кезде нақты анықталмаса керек. Осы ойға қатысты Қ.К.Тұңғышбаев: *«Негізінде орыс тілінен енген техникалық, өндірістік профессионалдық сөзде Қарағандының көмір өнеркәсібі тарихына байланысты екі түрлі жолмен кірді деуге болады. Мұның бірі және көпшілігі – орыс жұмысшылары мен қазақ жұмысшыларының күнделік қарым-қатынасынан туған, ауыз екі сөйлесу процесінен енді. Бірақ бұл сыйпатты өндірістік-профессионалдық сөздердің барлығы дерлік, әсіресе сол кездердегі ешбір фонетикалық және*

*грамматикалық қағидаттар мен нормаларға өлшенбей де, бағынбай да алынды» [1, 50 б.], - деп анықтама береді. Ғалымдардың біркатары бұл ойды құптамай, өздерінің зерттеу еңбектерінде термин қолдау мен қалыптастыру кезінде қазақ тілінің ішкі заңдылықтары ескеріледі дегенді айтады. Мәселен, А.Тажмуратов 1966 жылы Ташкент қаласында қорғалған «Термины технических культур в казахском языке» деп аталған зерттеу еңбегінде: *«Нельзя не подчеркнуть, что использование лексических и грамматических средств самого казахского, узбекского и др. языков при создании терминов технических культур не выпало из поля зрения исследователей, как в других республиках Средней Азии»*, - деп жазады [2, 6 б.]. Қазақ тілінде 50-60 жылдары термин қалыптастырылуы немесе терминжасам процесі А.Тажмуратовтың зерделеуі бойынша екі жолмен жасалған екен. Бірінші және негізгі болып саналатыны – қазақтың байырғы лексикалық-грамматикалық амалдарының негізінде жаңа терминдер жасау тәсілі. Бұл автордың пайымдауынша, көп жағдайда орыс тіліндегі терминдер дыбыстық өзгерістерке ұшыратылып қолданылады [2]. Осыған орай төмендегіше бөліп қарауымызға болады деп топтайды А.Тажмуратов:*

- а) терминжасамның грамматикалық тәсілі;
- ә) сөз тіркесті терминжасам;
- б) лексика-грамматикалық терминжасам.

Терминжасамның екінші жолы – кірме сөздерді қабылдау арқылы жүзеге асқан. Автордың бағалауынша, өзбек тілі арқылы парсы-тәжік тілінен және орыс тілінен кірме сөздер қабылданған [2, 12 б.]. Бұл жерде зерттеушінің зерттеу нысаны болып отырғаны – кенорындарын игеру өндірістік-техникалық терминдері емес, мақта шаруашылығы техникалық терминдері екендігін ескеруіміз қажет. Мақта шаруашылығында өзбек тілі арқылы тәжік және парсы тілдерінен енген кірме сөздер болса, мұнай-газ саласында бұндай құбылыс байқалмайды. Есесіне, орыс тілінен енген кірме сөздердің қатары бұл жылдарда еселене түскен. Орыс тілінен енген техникалық терминдер

өлеңдер жұмбақ,эпиграммалар,әзіл-қақтығыс,тіпті ұятсыз сөздерге дейін кетіп қалатын кездері болады.

4.Қара өлең әдеттегі,үйреншікті өлең,бұл өлең төрт шумақты,әр шумақта жеке жеке ой жатады.сондай ақ,бұл өлең дауысқа негізделеді.Көбінесе төрт шумақты өлеңдер мағынасыз болып келеді.

5.Өлең.Бұл форма,қазіргі кезде барлық жаңашыл ақындар тарапынан суырып салма өлеңдерге де,поэмаларға да,әсіресе Орынбай өлеңдеріне қатысты көбірек айтылады.Өлеңнің жаңа:Орынбай қарауыл ішіндегі атеке-...тармағынан,атығайдың жаңа қырғыз тармағынан шыққан Шөже ақындар насихаттап,салт-санаға дарытушылар болды. Шөже ақын үнемі Әбілқайыр Ғаббасов сұлтанның жанында болатын-ды. Осы өлеңдердің тақырыптарының көбісі діни сарында айтылады,- деп жіктейді.Сонымен бірге бұл өлең қалпын өздері үйреніп қалған суырып салма өлеңге де сәйкестеп, қолайы келгенде айта береді.Әйгілі «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»поэмасын,өлең формасында маған Жанак ақын айтып беріп еді»,- деп ,татар поэзиясының формалары қазақтардың гармониялық дыбыспен ойға тұнып тұрған дәстүрлі батырлық жыр поэзиясының формаларын ығыстыра бастағандығын,өлеңнің төрт шумақтан тұратынын,алғашқы екі шумақ және төртінші шумақ силлабикалық жүйеде бір ұйқасқа бітетінін,ал үшінші шумақтың ұйқаспайтынын келтіріп қара өлеңнің а-а-б-а үлгісіне келтіреді.Шоқан Уәлихановтың қазақ фольклорын зерттеуі негізінде қара өлең үлгілерін халық ауыз әдебиет үлгілерінен қарастырсақ:

Халық ауыз әдебиеті үлгілерінде:

Батырлар жырында: «Алпамыс», «Қамбар батыр»

Ғашықтық дастанда : «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан»жырларындағы жанрлық-тілдік талдануы

Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ фольклорының тарихы»атты зерттеу оқулығының 133-ші бетінен 236 бетіне дейінгі зерттеулерінен нақты дәлелдермен келтірген.

Классикалық шығармаларда:

І.Жансүгіров “Күйші поэмасы”
Өндерде: “Зәуреш”, “Қайықта”
Кенестік дәуірдегі әдебиетте:
С.Мұқанов “Майға сәлем”,
М.Мақатаев “Саржайлау” өндерінде т.б.

Қара өлеңнің тақырыбы:

- махаббат, ғашықтық
- достық, жолдастық
- батырлық, ерлік
- табиғат, сұлулық
- мұң, тағдыр
- тұрмыс, тауқымет

Қара өлеңнің тәрбиелік мәні:

- адамгершілікке, парасаттылыққа;
- еңбекқорлыққа, қиындықты жеңе білуге;
- сүйіспеншілікке, елжандылыққа;
- қарапайымдылық пен кішіпейілділікке;
- жомарттылық пен имандылыққа

Қара өлең үлгілері

Ат көркем көрінеді тұрманымен,
Дүние жеткізбейді қуғанменен
Қарайып көкіректі кір шалғанмен,
Не пайда су кетіріп жуғанменен
Ауылым көшіп барады кеуілімен,
Көңілім қобалжулы желең-желең.
Апырмай, жүрегімді қалай басам ,
Перизатты алып қашса жігіт-желең.
Қағаздың қасын сұлу сиясындай,
Тоғайдың мойны ұзын миясындай.
Қолымды саған қайтсем жеткіземін,
Сұңқардың жатқан жерік ұясындай.
Қорадан қой өреді жосылып-ай,
Айтады екеу өлең жосылып-ай.
Өлеңді көп айтуға ақын емес,
Балалар риза болшы осыныма-ай.

Енді орыс халқының жиын-тойда айтатын фольклорлық үлгілерімен салыстырсак:

Орыстың частушкасының үлгілері

Мы давно уже не пели,
Берегли мы горлышко.
А сейчас начнем мы петь,
Частушечки по солнышко...
Все угоры, все угоры,
Все угоры да пески.
Никакого нет веселья,
Кроме горя да тоски.
Мы веселые частушки,
Пропоем для вас сейчас.
О себе,о дружбе нашей,
И о кое ком из нас...

Орыс частушкалары ойнақы,жеңіл әзілге құрылған, қысқа,секіртпелі ұйқас түрімен би ырғағымен айтылатын фольклорлық жанрдың жаңарған түріне айналған

Татардың жыр үлгісі

Туган якка юл тотамын,
Туган як,туган як.
Ин гузел газиз якка.
Туган як,туган як,
Жир жилекләре пейкэн чак.
Туган як,туган як,
Ашыгам кояилыкка.
Туган як, туган як
Ей,кизлярым,кизлярым,
Буримына так гулиң.
Жигитлярым караса,
Колинди устат кашпагин

Татар жырлары жеңіл,ойнақы әнге салынып айтылатын әзіл-оспаққа құрылған,орыстың частушкиіне ұқсастау келеді.Көбіне бимен бірге орындалады.

Ел ішінде зерттелуі:

Қара өлең айту салты деген ұғымды ұмытпауымыз керек, себебі, ертеде қазақтың жиын-тойында әйелдер де, ерлер де қара өлең айтуды дағдыға айналдырған. Қара өлең арқылы амандық-саулықтарын сұрасып, елдегі жағдайларды біліп, ғашықтар бір-бірімен тілдескен, сауал тастап жауабын күтіп, жалғастырып отырған. Зерттеу барысында ауылды аралап, жалпы ауыз әдебиеті үлгілерін, соның ішінде қара өлеңнің үлгілерін жазып алдық. Міне, осы ежелден келе жатқан қара өлең айту салты Жалпақтал, Жаңақала, Орда өңірінде сирек те болса бар екені көңіл қуантады. Мысалы, қазіргі Казталов ауданы Жалпақтал ауылындағы Мәдениет үйі жанынан құрылған «Шапағат» әжелер ансамблінің мүшесі, зейнеткерлікке шыққан қадірлі ұстаз, ел ішіндегі жаңалыққа, өнерге, тәлім-тәрбие беруге етене араласып жүрген Мұғалбаева Светлана Хайредденқызы апайымыз ойын- тойда қара өлеңді шырқатып, отырған- дардың көңілдерін желпіндіріп отырады. Апайдың қара өлеңді айту тәртібінде жер-суға, тәлім-тәрбиеге байланысты, құрбылардың әзілдесу, танысу, көптен көрмегендеріне амандасу ретіндегі үлгілерімен келтірген қара өлеңіне тоқталсақ:

«Жер-суға байланысты өлеңінде»:

Ағады Жалпақталда Қараөзен,
Сыйласып жақсы емес пе бірге жүрген.
Өнерінді аяма жастық шақтап,
Әр күнің бір жылға тең ойнап-күлген.
Жалпақтал жағасында Қараөзен,
Шомылып жағасында талай жүзгем.
Жер-суды атын білген өлең қылсам,
Жанға шипа, дертіңе дауа берген.
Қараөзен Сарыөзенмен қатар аққан,
Ел-жұртым ризықты малын баққан.
Адамдары жайлаған екі аңғарды,
Еңбекпенен бақыттың дәмін татқан,-десе,

«Тәлім-тәрбие өлеңінде»:

Үлкеннің тыңда сөзін болса зердең,
Ажалсыз пенде өлмейді қайғы-шерден.

Артыңа бір естелік қалдырмасаң,
Тірлікте не болады алған-берген.
Болғанда ақыл-дария, кеудең-кемең,
Кемесіз дариядан өтем деме.
Кеудеңде санаң болса талап ізде,
Талапсыз мақсатыма жетем деме.
Қол созады әрнеге әркім қалап,
Жетпес не бар жас шақта етсең талап.
Бәрінен болсыншы заман тыныш,
Қой үстінде бозторғай жұмыртқалап.
Уағда сөзге қазық боп лебізбенен,
Бір сөзді екі қайта дегізбеген.
Сарқылып сағасыз су тап болады,
Телегей тең болмайды теңізбенен.
Ойланбайтын кісінде ақыл болмас,
Ақылсыздың еш сөзі мақұл болмас.
Екі туып болса да бір қалғаның,
Еңбегіңдей өзіңнің жақын болмас.
Боларсың бірде артық,бірінде кем,
Біріңді бірің сүйе сүрінгенде.
Ынтымақ,ауызбірлік қып жүрсеңдер,
Татисың аз да болса рулы елге,-деп ұлағатты ойдан шыққан
үлгілі тәрбиені ұсынады.Ал танысу-амандасу үлгісінде елге
кеңінен таралған қара өлең үлгісін ұсынады:
Өлеңді айт дегенде тіл айтады,
Тіліме қандай адам мін айтады.
Жерім кең,елім азат,заман бейбіт,
Өлеңді біздер айтпай кім айтады.
Шөп өсер өспес бірақ нөсерден ой,
Түбінде мал болмайды жөтелген қой.
Өлеңді еріккеннен біз айтпаймыз,
Көңілім көпшіліктің көтерген ғой-ай,-деп қайырады.

Қара өлеңнің қасиеті сол-адамның ішкі жан-дүниесіне
ерекше әсер етіп,сезіміңді баурайды,еліктіреді,ішкі сезімнің
иірімдеріне дөп тигенде екінші жанның да қосарлана,іліп алып,

өлеңді жалғастыратынын байқадық. Тыңдап отырғандар үшін ірі әуезді, әрі ойлы өлеңнің мәні мен мазмұндық ойының маңызы өздерінің ішкі сезімдерімен ұштасып жатқасын әрі ұнамды, әрі жағымды болып, қауқылдасып қолдап жатады. (бейнеролик бар)

Қазақтың жыраулары өмір сүрген кезеңнен бері қарай зерттеп қарасақ та, Абай шығармашылығын оқып қарасақ та, қазіргі қазақ ақындарының поэзиясына шолу жасасақ та поэзияның негізгі қайнар көзі қара өлеңде жатқандығын байқаймыз. Ел-елдің арасында, көршілес жатқан ауыл арасында, бір-бірімен араласып отырған ағайындар арасында қара өлең үлгілері ұқсас болып келеді. Ел ішінде айтылып жүрген қара өлең үлгілері Жаңақала, Бөкей Орда, Жалпақтал жеріне тән. Мысалы:

Сөйлемде ернім епті, көңіл жалқау
Кей адам сөз сөйледі теріс арқау
Итімді қаппасын деп байлап едім
Жібектен жараспас деп жіптен арқан.
Сұрасаң арғы атамыз болып өткен,
Ұсынса туған айға қолы жеткен.
Несіне айтар сөзді-ау іркілесің
Қара өлең таңдайымнан толып өткен.
Аршындап-ай артық сөйлеп асқан да бар
Жай сөйлеп көңілдегіні басқан да бар.
Алланың бергеніне шүкір етпей
Аяққа қызыл мақпал басқан да бар.
Ат көркем көрінеді тұрманменен,
Дүние жеткізбейді қуғанменен
Қарайып көкіректі кір шалғанмен
Не пайда су кетіріп жуғанменен
Қорадан қой өреді жосылып-ай,
Айтады екеу өлең қосылып-ай.
Өлеңді көп айтуға ақын емес,
Балалар риза бол осыныма-ай.

Қазақтың қара өлеңін әдебиеттің төресі десек артық болмас.

Өлеңнің мағынасына көңіл аударсақ, қазақ қашанда бекерге өлең шығармаған. Артында ұлағатты, үлгі болар сөзін қалдырған.

Осыны жасынан тыңдап өскен жас ұрпақтың қазақи жан-дүниесін қалыптастырып, рухани байлығын арттыруға, елжандылыққа тәрбиелеуге ықпалы мол екендігіне, дүниеқұмарлық, ашкөздіктен қашық жүруге тәрбиелейтін мұра екендігіне дәлеліміз мол. Сондықтан жомарттыққа, имандылыққа тәрбиелейтін бұндай өлеңдердің жас ұрпақ үшін мәні зор. Өлеңде батырлықты дәріптеуде қарапайым сөзбен емес метафораларды, теңеулерді орынды қолданып, өлеңнің шырайын әрлендіріп, көркем пайдаланады. Мысалы:

Сұрасаң арғы атамыз болып өткен,

Ұсынса туған айға қолы жеткен, - деген сөзінен байқауға болады.

Енді қара өлең құрылысына назар аударсақ:

А- уы-лым кө-шіп ба-ра-ды кеу-лі-мен, (11)

Кө-ңі-лім қо-бал-жу-лы же- лең-же-лең. (11)

А-пыр-май, жү- ре-гім-ді қа-лай ба-сам , (11)

Пе-ри-зат-ты а-лып қаш -са жі-гіт-же-лең. (11-12)

«11 буынды, 4 тармақты. а, а, б, а ұйқасты,

яғни бұны қара өлең ұйқасы» деген нақты анықтамасы беріледі.

Қазіргі заман поэзиясында осы қара өлең ұйқасын кеңінен пайдаланады. Демек, қазақ поэзиясының түп тамыры қара өлеңнен бастау алады.

Қара өлеңді ақындар да өздерінің шығармаларына арқау еткен. Ақындар қара өлеңді қасиет тұтады, пір тұтады, поэзияның атасы қара өлең екенін Мұқағали Мақатаевтың өлеңімен дәлелді етсек:

Ақынмын деп қалай мен айта аламын,
Халқымның өз айтқанын қайталадым.

Күпі киген қазақтың қара өлеңін,

Шекпен жауып өзіне қайтарамын-деп ақиық ақын
жырлап, қара өлеңнің құдіреттілігіне басын исе:

Қара өлеңнің мекені – Қарауылға келемін,
Қара өлеңнің қамы еді, қарап жүрмей жегенім.
Қарағанның ішіне көп тығылып ойнайтын,
Қара өлеңге құмартқан қара бала мен едім, - деп
Қалқаман Сарин да

өз өмірін қара өлеңмен тығыз байланыстырады.

Міне, қара өлеңнің құдіреттілігі, қара өлеңнің құндылығы осындай биік тұлғаларды қалыптастырып, бүгінгі поэзияның бастау алар қайнар көзі екенін, қазіргі ақындарымыздың үлгі алар асыл сөздің тұңғышы екені даусыз. Асыл сөздің зерделі ой-иірімдерінен тәлім-тәрбие алар ұрпағымызды халық өнері қара өлеңнің нәрімен сусындатайық дегім келеді..

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ә.Қоңыратбаев «Қазақ фольклорының тарихы» Алматы, 1991 «Ана тілі» 133-240 бб
2. Ш. Уәлиханов Таңдамалы Алматы, 1985 «Жазушы» 162-165 бб
3. Қазақ әдебиеті “Көне түркі әдебиеті” үлгілерінен
4. А. Қыраубаева «Ежелгі дәуір әдебиеті» Алматы, 2002 «Мектеп»
5. Қазақ әдебиеті энциклопедиясы
6. WWW.bestreferat.ru
7. WWW.KK.wikipedia.ova
8. WWW. Adebiet.kz

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КЕЙБІР КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРДІҢ СЫРЫ

КУБАНОВА Қ.
БҚИГУ-магистранты

Резюме

В данной статье проделан этимологический анализ состава архаизмов в устойчивых словосочетаниях и в пословицах-поговорках. Предложены новые взгляды на этимологию слов.

Ключевые слова: устойчивые словосочетания, пословицы-поговорки, этимология, архаизмы.

Summary

In this article the etymological analysis of obsolete words structure in set expressions and proverbs is conducted.

Key words: set expressions, proverbs and sayings, etymology, obsolete words.

Тіл тарихында сөз төркінін айқындауға байланысты көптеген сауалдар бар. Мәселен, мағынасы айқын дербес сөздерге этимологиялық талдаудың қажеті бар ма, жоқ әлде ол тек мағынасы күңгірттенген, қолданыстан қалған, не сирек қолданылатын, тек біріккен, кіріккен, қос сөздер мен тұрақты тіркестердің (фразеологизм, мақал–мәтел, теңеу, жұмбақ, т.б) құрамында кездесетін лексемаларға ғана зерттелу керек пе? Не грамматикалық тұлғалар мен көненің көзіндей реликтілік құбылыстарға ғана жасала ма? Бұл мәселеге академик Ә.Қайдар өз тұжырымдарын ұсынып, мәселенің басын ашып берді. Ол сөздік қорымыздағы қолданылып жүрген лексикалық единицалардың (бірліктердің) барлығы бүгінгі таңның жемісі емес, олардың басым көпшілігі ғасырлар бойы қалыптасып, әр түрлі деңгейдегі қолданыста болып келе жатқан элементтер. Олардың біразы тіл иелерінің жадынан шығып, мүлдем ұмыт болып, байырғы рудиментке айналады, енді бір тобы бастағы

мағынасынан ажыраса да, басқа сөздермен селбесіп, қолданыстан қалмайды, т.т. Міне, сөз табиғатының осы ерекшеліктеріне қарай Ә.Қайдар этимологиялық зерттеулерді тілдің сөздік қорын құраушы лексика-грамматикалық единицалар мен тұлғалардың барлығына да қолдануға болады, бірақ практикалық қажеттілікке және зерттеушілердің бұл іске дайындығына байланысты этимологияның да ұстанған өзіндік принциптері, әр түрлі деңгейі, жүйелі рет тәртібі, мақсат-міндеті болуға тиіс деп қарайды. Осылардың арасына этимологиялық сұранымы мол лексикалық категорияға ең алдымен **мағынасы күңгірттенген сөздер** жатады. Кез келген сөздің құлағынан тартып шығарып, оған қалаған қалпағын кигізу немесе өз тіліндегі сөздің төркінін екінші бір тілде кездесетін ұқсас кездейсоқ сөзге қарап анықтау, сөз қолданылған контекстке қарап, тон ішу, не бұл осылай деп белінен бір-ақ басу, т.б. осы сияқты «тәсілдердің» бәрін ғалым ғылыми этимологияға жатпайтын машықтар деп қарайды.

Мағынасы күңгірт сөздердің түп-төркініне үңілу, зерделеу этимологияның міндеті. Әр сөздің тарихында этностың өмірі жатыр. Ұлттың тарихтың ұзына бойында жүріп өткен жолдары, әрекеті, дүниені тануы сөздің бойында сақталады. Сөздің өзіндік өмірі, тағдыры бар. Бір сөздер тұрақты тіркестердің немесе мақал-мәтелдердің құрамында жүріп, жеке дара көп қолданылмай мағынасы күңгірттене береді. Заман өзгеруіне сай көнереді, кейде жаңа семантикалық мән үстеліп, жаңарады. Сөз мағынасының көнеруі, кеңеюі, тарылуы үздіксіз тіл бойында болып жататын үдеріс. Ал сөздердің түп-төркінін зерделейтін - этимология. Этимологияның зерттеулердің негізі объектісі тек мағынасы ұмыт болған, не күңгірттенген жеке -дара сөздер, тұлғалар ғана емес, сонымен қатар тілімізде дербес те жүйелі түрде қолданып жүрген, жалпы лексикалық-грамматикалық мағынасы айқын сөздер мен сөз тұлғалары да бола береді.

Бүгінгі таңда тіл мамандарының алдында түркі тілдерінің лексикасын толық қамтыған этимологиялық сөздіктер жасау

міндеті тұр. Өкінішке орай жалпытүркілік деңгейде жарық көрген этимологиялық сөздіктер көп емес. Қазіргі таңда «этимологиялық» деген атпен жалпытүркілік ауқымда жарыққа шыққан төрт сөздік бар. Будапешт университетінің профессоры Герман Вамберидің 1878 жылы жарық көрген «Түркі-татар тілдерінің этимологиялық сөздігі»[1], фин ғалымы М.Рясяненнің «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінің тәжірибесі» [2] еңбектерін айтуға болады. Ағылшын ғалымы Дж. Клосонның «XIII ғасырға дейінгі түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі» үшінші сөздік болып табылады[3]. Төртінші этимологиялық сөздік белгілі кеңес ғалымы Э.В.Севортянның тарапынан жарық көрді[4]. Қазақ тіл білімінде де сөздің сырына үңілген біршама кітаптар жарияланды. 1966 жылы ұжымдық авторлар құрастырған «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» жарық көрді[6]. 1980 жылы жарыққа шыққан Р.Сыздықованың «Сөздер сөйлейді» еңбегінде батырлар жырлары мен лиро-эпостарда, өткен ғасырдағы ақын-жыраулар шығармаларында, мақал-мәтелдерде кездесетін, бұл күндері мағынасы түсініксіз сөздер төркіні баяндалады. 1994 жылы Ә.Нұрмағамбетовтың «Бес жүз бес сөз» атты атты көлемді еңбегі жарық көрді. Кітапта қазақ тілінде осы күні қолданылып жүрген сөздердің тарихы, сөз мағыналарының қоғам дамуына байланысты өзгеруі және солардың алғашқы шыққан төркіндері жан-жақты талданған.

Біз осы кітаптардағы ғылыми талқыға түскен сөздерге және басқа да дереккөздердегі мағынасы күңгірт сөздерге өз пікірімізды ұсынуды жөн көріп отырмыз.

Профессор Ә.Нұрмағамбетов **ежелеу** сөзіне талдай келіп, «оның түркі тілдеріне жүйесі басқа тілдерден ауысқандығын аңғару қиынға соқпайды», -дейді. Мысалы, арабша: хаджи – буындап оқу (Араб.-рус. сл., II, 1970, 1078), ал парсы тілінде ьэджа – буын (сөздегі) (Пер.-рус. сл., II, 1983, 713). Сондықтан да сөздің алғашқы төркіні не араб, не парсы тілі деп анықтай ажырата айту оңай емес. Бірақ түркі тілдеріне «ежелеу» сөзі осылардың бірінен ауысқандығы күмән тудырмайды. Сөйтіп,

бұл деректер бойынша, сөз төркіні не араб, не парсы тілі екен де, мағынасы жағынан «ежелеп оқу» дегеніміз «буындап оқумен» бірдей дей аламыз. «Қалима бұл күнде *ежелеп* хат таниды» (Б. Тоқтаров. Ертіс). Бұған біздің қосарымыз, *ежелеу* мен *ежіктеу* сөзінің көнелеуі *ежелеу* болса керек. Реконструкция әдісімен түбіне үңілсек *е-же-ле-у* деп жіктеуге болады. Сонда түпкі түбірі *е-*. *Е* түбірі көптеген көне түркі ескерткіштерінде және қазіргі түркі тілдерінде *и-*, *ер-*, *і-* варианттарында кездеседі. «Болу, өмір сүру, істеу» мағыналары бар көмекші етістік тұлғасында келеді. Сонда түбір *е-* болса, *-же* сөз тудыратын жұрнақ, одан кейінгілер *де* (-ле,-у) жалғамалы тілдің заңдылықтары бойынша жалғана берген сөз тудырушы жұрнақтар. Мағынасы «істеу, өмірге келтіру, болдыру, яғни ежіктеп оқу» болса керек. Сөз төркіні таза түркілік деп айтуға болады.

Ғалым жыртқыш балықтың атауы **жайын** сөзін талдай келіп, Сібір, Алтай төңірегіндегі түркі тілдерінде байқалмауына қарағанда, қазақтарға және Орта Азиядағы басқа түркі тілдеріне жүйесі басқа, дәлірек айтсақ, парсы тілінен ауысып алынған сөз деп шамалаймыз дейді. Парсыларда «жийан» сөзінің жыртқыш және үрейлі, қорқынышты іспеттес екі түрлі мағынасы бар (Пер.-рус. сл., I, 781). Балықтың біз білетін басқа түрлеріне қарағанда, мынаның түр-тұлғасы қорқынышты әрі жыртқыштығы басымдау екендігі мәлім. Сондықтан да «балық» сөзінің алдында сын есім ретінде парсыдан енген «жийан» сөзінің тіркесуі арқылы «жийан балық» қалпында тұрақтап, кейін келе, «жайын балық», одан әрі «балық» сөзі түсіріліп, «жайын» десе де түсінікті боларлықтай дәрежеге жетсе керек. Алғаш «жайын балық» тіркесінде көрінгендігін, жоғарыда келтірген, қырғыз тілі дерегін қуаттайды. Сөйтіп, «жайын» атауының қазақша мағынасы – жыртқыш, үрейлі, қорқынышты дегенді ұғындыратын сияқты. Біздің ойымызша, бұл сөздің этимологиясын таза түркілік тұрғыдан қарастыруға да болады. *Жайын* сөзінің түбірі *жай* басқа түрік тілдерінде *йағ//йақ//жақ //чағ* тұлғаларында кездесіп «май» мағынасын береді. Қазақ

тілінде *жау киім* тіркесінде де осы мағына сақталған, яғни «май киім» Түркі тілдеріндегі *ж~й й~г* сәйкестіктеріне сүйенсек, *жайын* сөзі «майлы, семіз, ірі» деген де мағына береді. Ал *-ын* сөз тудыратын көне жұрнақ.

Ғалым «күн көру, өмір сүру, тіршілік ету» мәніндегі **күнелту** сөзін талдай келіп, бұл сөз екі түбірден құралған – күн және елту. Бірақ мына біріккен сөздегі «күн» мен «елту» бізге мағынасы мәлім зат есім және етістікке жуық келмейді. Оның мәнісі – алғашқысы араб тілінің сөзі де, соңғысы түркі тілдерінің біріндегі өзгеше тұлғадағы етістік. Арабша кун – болу, бар болу, өмір сүру деген мағына береді (Араб.-рус. сл., 1970). Екінші сөз «елту», В. Радлов сөздігі бойынша, «еліт» (шағатай тілінде) тұлғасында беріліп, мағынасы – ұстау, қолға алу деп түсіндірілген (В. Рад., Опыт..., I, 819). Әрине мұның түбірі – ал, алу екендігі көрініп тұр. Сөйтіп, араб және түркі тілінің сөздері бірігіп, «күнелту» болып қалыптасып, қазіргіше айтсақ – «болуды қолға алу» немесе «өмірді, тіршілікті ұстау» деген мағынаға меңзейді.

Дегенмен, бұл сөздің этимологиясын басқа қырынан қарауға болады. Араб тіліндегі *кана* етістігі «бар болу» мағынасын береді, ал өмір сүру мағынасын беру үшін *аша* етістігі қолданылады. *Күнелту* сөзінің құрамындағы *күн* кәдімгі планета болса керек. Ал *елт* түбірі *елті (елт-і)* сөзінің құрамында кездеседі. Көне түркі тілінде “алып жүру, ерту, алып кету” мағынасында *елт* түбірі кездеседі: 1. Он ай елтті дүм оғум, оғлан тоғдум – анам мені он ай көтеріп жүрді, мен ұл болып тудым; 2. Бу суг елт – мына әскерді баста. Э.В.Севортян бұл етістіктің бастапқы негізі (исходной основы) жөнінде дәлел келтіреді: *ел -(от) “алып жүру, ертіп бару”* - ескі өзбек тілінде, *эл – “жақындату, жеткізу”* – түрік тілінде және т.б. (ЭСТЯ, 268). Егер осы этимологиялық пікірді мақұлдасақ *елт (ел+т)* түбірінің құрамындағы *-т* дыбысы өзгелік етістің жұрнағы, яғни бұл етістік *айт-, қайт-* етістіктері сияқты үдерістерді бастан кешірген. Осы деректегі түпкі түбір *ел = ге* сүйеніп қазақ тіліндегі *елті-, елір-, ерт-, елік-* етістіктерін бір жетекші қатарға

қоюға болады. Сонда *күнелту* сөзінің мағынасы «күннің артынан еріп жүру», яғни «өмір сүру, күн көру» болып табылады.

Қазақ халқының **мақал-мәтелдері** сонау ықылым заманнан, сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра боп қалған асыл дүние. Академик Ә. Қайдар: «Мақал – мәтелдер халықтың атам заманғы өткен өмір тіршілігі мен бүгінгі болмысын болашағымен жалғастыратын «алтын арқау»; олар – рухани, мәдени салт – дәстүрді жалғастырудың адамдар санасында, қоғам жадында, тілінде, ділінде сақталуының бірден-бір кепілі. Бұл қазына байлықтан айырылған этникалық қауым - өзінің өткен өмірінің айырылды деген сөз, ондай қауымның болашағы да жоқ» [7,7] деп кесімді пікір айтқан. Мақал-мәтелдерді ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан мұра болғандықтан, олардың бойындағы көне сөздерді арнайы зерттеу қажет. Сөзіміз мәйекті болу үшін кейбір мақалдарға тоқталайық. Мәселен, **Қож басқанша қоз бас**. Түсіндірме сөздікте *қож* сөзінің бірінші мағынасы - тас көмірдің жанып болып, қайнасып қорып қалған күлі, екінші мағынасы- ұсталар мен зергерлер көрік көлгейіне көмір салу, ыстық шоқты көсеп алу, күл шығару үшін жылқының жауырын сүйегінен жасалған қалақ. Біздің ойымызша, мақалдағы *қож* осы екінші мағынаға сәйкес келеді. Өйткені қазақ қоғамында темірден түйін түйген ұста қасиетті, әулие адам. Оның ұстаған құралын басуға болмайды, киесі ұрады. Сондықтан *қож* басқанша *қоз* бас, яғни ыстық күлді бас. *Қоз-шоғы* сөнбеген ыстық күл. Қазақ күлді де басқызбайды, бірақ *қож* басқанша амалсыз күл басуға тура келеді.

Хамза бар, не қам бар. Осы мақалдағы түсініксіз сөз – Хамза. Құрылысына қарап, кірме сөз екені байқалады. Қазіргі арабша-орысша, орысша-арабша сөздіктерден бұл сөзді «өткір» мағынасында ғана кездестірдік. Алтын Орда дәуірі ескерткіші Сейф Сарайидің «Гүлстан бит-турки» шығармасында мынадай сөйлем кездеседі: *Хамза йүрәкли ердәм ери Рустам-и заман, бу 'аср ичиндә өзләриниң йоқ барабары* «Арыстан жүректі ердің ері

Рүстем бүгінде, бұл ғасырда оған тең келер ешкім жоқ»(Г, 18267). Сонда мақалдың мағынасы «батырымыз, еріміз, көш бастайтын көсеміміз болса, біздің не қамымыз бар» болу керек.

Шала молда шарық айтар. Бұл мақалдағы *шарық* сөзі көне атау. «Қазақ сөздігінде» *шарық* сөзінің бірнеше мағынасы келтірілген. Мысалы. Тас қайрақ, көк аспан, теріден, тал қабығынан жасалған аяқкиім, шәркей, құдықтан су тарту үшін орнатылған ағаш бұтағы, іші қуыс ағаш, әл, шама, күш. Дегенмен, бұл сөздің бірде-бірі мақалдың мәніне сәйкес келмейді. Түрік тілінде «ән, жыр» мағынасында *шарқы* сөзі бар. Осы сөзбен сабақтастырсақ мақалдың мән-мағынасы «шала молда құран сүрелерін дұрыс оқи алмай, босқа әндетер» болып шығады. Қазақ тілінде *шарықтатып(шарық-та-т-ып) ән салды* тірексіндегі *шарық* та осы сөздің нақ өзі болу керек.

Татсыз түрік болмас, Түріксіз бөрік болмас. Осы мақалдағы *тат* сөзі көңіл аударарлық атау. *Тат* түбірінен жасалған сөз қазақ тілінде біршама. *Тат//том//дом басу, тамақтың дәмін тату*. Мақалдың семантикасын зерделей отырып, «парапар келу, тең түсу, бір нәрсеге тұрарлық болу» мағынасындағы *таты* сөзіне сүйенгеніміз дұрыс шығар. Мәселен, Бірдің мыңға татиыны бар (Мақал). Сонда мақалдың мәне түріктің нашары жоқ, ол өзіндік таты бар, пікірі бар, намысы, ерлігі бар жан. Бөріктің де сәні түрік кигенде ғана келеді болса керек.

Бұл деректерден байқағанымыз, қазақ тіл білімінде көптеген сөздердің түп-төркіні араб-парсы тілінен іздеу дәстүр болып кеткен сияқты. Ал шындығында араб тіліне түркі элементтері көптен енгенін де ескеруіміз керек. Бір жақты тілдік байланыс болмайтыны анық. Сонымен қатар біз араб-парсы тілінен енді деп жүрген сөздеріміз ислам жете қоймаған Сібір түркі тілдерінің, әсіресе хақас, саха тілдерінде бар екені де байқалады. Әр сөздің түп төркініне тарихи тұрғыдан келіп, бірінші кезекте түркі тілдерінің тамырынан іздеген дұрыс. Ал көне мақалдар, олардың құрамындағы ескі сөздер – есті сөздер. Ұлттың жүріп

өткен жолы, тұрмыс –тіршілігі, дәстүр-дағдысы осы сөздердің бойында. Әр бір жеке сөз тіл байлығы, ұлт байлығы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Vdmbery H. Etymologisches Worterbuch der Turko-Tatarischen Sprachen. Leipzig, 1878.

2. Rdsnen M. Versuch eines etimologischen Worterbuchs der Tiirksprachen. Helsinki, 1969.

3.Clauson G. An etymological dictionary of pre-thirteenth-century Turkish. L., 1972.

4.Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских: Общетюркские и межтюркские основы на гласные. М., 1974. Это первый том. Второй том имеет под заголовок «Общетюркские и межтюркские основы на букву Б» (М., 1978), третий - «Общетюркские и межтюркские основы на букву В, Г и Д» (М., 1980); нумерация томов отсутствует.

5.Егоров В.Г. Этимологический словарь чувашского языка. Чебоксары, 1964.

6.Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966.

7.Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу) Алматы. 2004,7б.

8. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. Алматы,1994.

ДЖЕК ЛОНДОННЫҢ ПОВЕСТЕРІ МЕН ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ БИІК РУХ

**П.М. Сырымова
БҚГА магистранты**

Кешегі кеңес үкіметі саясатының сүзгісінен өтіп, тәржімаланып қалың оқырманға жол тарқан шетел әдебиеті классиктерінің еңбектері Одақта көбіне-көп «аға халықтың» тілінде ғана сөйлегені жасырын емес. Содан кейін барып басқа тілдерге аударылып жатты. Тәуелсіздікке қол жеткізген тұста түгін тартып көргендей түп негізден аударғанға не жетсін. Өйткені, шет дүниені аудару жұмысында әр халықтың өзіндік ерекшелігіне байланысты қорытуы көрініп қалып жататынын әдебиетші ғалымдарда жоққа шығармайды.

Джек Лондонды оқып отырсаң шығармашылық жұмыстағы жетістігінің сырын автор бір-ақ ауыз сөзге сыйғызғандай: «Егер сен шындықты жасырсаң, егер сен жиында сөз сөйлеу үшін орныңнан тұрмасаң, егер сөз сөйлеп, бірақ шындықты айтпасаң, онда сен шындықты алдағаның» [1, 218. б.].

Шындық дегеніміз сол - шығармада нақ өмірдің өзін көрсете алсаң. Шығарма шын, шындық шығармада болсын принципін ұстанған Лондонның оқырманы өте көп болуының сыры осында. Енді шығарма мәтінін («Тектік сарын») негізге ала отырып зерделеп көрейік.

Повестің бірінші сөйлемінде-ақ автор көзі қарақты оқырманын «әп деген қалай қияндағын көрсете алған» деп таңданысын туғызады.

«Бэк газет оқымайтындықтан бір өз басына ғана емес, Пюджеттен Сан-Диего шығанағына дейінгі бүкіл сүйекті де сіңірлі, жүндес ит атаулыға төніп келе жатқан қауіпті аңдаған жоқ» [2, 310 б.].

Яғни, жазушы бұған себеп болған жағдай ақпарат құралдарында көбірек сөз болып ел ішіне кеңінен тараған Америка штаттарындағы сол кезеңнің тарихи шындығы

екендігін бірден абайына салып өтеді. Ал тықыр тек тұрқы үлкен, қуатты жүндес ит тұқымына таянса аржағында адамның аш көздігінен туындаған әлдене жатыр-ау деп бажайлауға боларлық. Осындағы «Бэк газет оқымайтындықтан» деген сөз саптау жазушының шеберлігі демеске амал жоқ. «Иттің ішіне сары май жақпайды» түсінігі тұрғысынан қарасақ, ит үшін газет әдірәм қалсынның өзі. Мұнда жазушы белгілі жайт иттің газет оқи алмайтынын айтайын деп отырған жоқ, шығармада ой өрбітудің соны көркемдік тәсілін көрсетіп отыр.

Джек Лондон «Тектік сарын» повесінде жеті қазына иттің бейнесін толықтай ашып бере алған деп айтуға негіз бар. Алла жаратқан тіршілік иесінің ол құт адам, құт хайуан болсын әрқайсысынын түп бастауы белгілері бойында мүлдем жоғалып кетпейтінін және олардың екеуі де өмірден өздіктерінше сабақ алатындығын жазушы реалистік тұрғыда нанымды қылып бере алған. Мұнда басты кейіпкер адам емес, адамға адал қызмет етуші түп тұқияны қасқыр сенбернар мен шотландия овчаркасы тұқымын будандастырудан шыққан сүйекті, жүндес салмағы жүз елу қадақ тартатын Бэк атауын иеленген ит. Повестің қысқаша мазмұны хан сарайындай күтімі ерекше жерде, жақсы қожайынның қолында тіршілік кешіп жатқан Бектің бақ күтушінің кесірінен жылы тұрағынан айырылып, қолдан-қолға ақшаға сатылып ауыр тұрмысқа тап болғандағы ортаға бейімделуі, өзін-өзі тануы, үйірін табуы, тағылануы т.б. Міне, осының бәрі үлкен суреткерлікпен берілген. Жұмысқа лайықтап парақтап көрейік.

Шығарма мәтінінде бекзаттық күйден айырылып, «аюға намаз үйреткен таяқ» салтанат құрған бөтен ортада «итке бас білдірушілерден» өлімші болып таяқ жеген Бэктің жағдайы былай суреттеледі.

«Ол жеңілген еді (мұны өзі де түсінді), бірақ қыңған да, сынған да жоқ-тын. Сойылмен қаруланған адамның өзінен мықтырақ екенін алғаш рет жете түсінген, ал алған сабағын ғұмырлық жадында тұтты. Сойыл осылайша көзін ашқан. Ол мұны жабайы заңдар үстемдік ететін әлемге енгізген. Бэк бұл заңды тез игерді.

Сол сәтте өмірдің қатал шындығымен бетпе-бет келген еді, бірақ одан сескенген жоқ: жан түкпірінен табиғи хайуандық айлакерлік түйсігі оянайын деген» [2, 317 б.].

Осында жазушы «мұны өзі де түсінді» дей отырып, өмір сабағы тіршілік иелеріне бірдей екендігін аңғартса, «қыңған да, сынған да жоқ» деп Бектің қатал тірліке біржола мойынсынып, қу тамақ үшін құйрығын бұлғап біржола болмысын жоғалтып алатын иттер қатарынан емес екендігін бір айқындап кетіп отыр.

Жазушы мұнан әрі оқырманға Бектің кей сәттерде адамдар әрекетінен туындайтын өз басындағы өзгерістерге елендемеуінің сырын тамаша ашып бере алған.

«Бэк ақшаның қолдан қолға өткенін көрді, сол себептен де жүзін әжім басқан адамның өзі мен арсалаңдаған ньюфаундленд Кэрлиді ала жөнелгенде таңданған жоқ» [2, 318 б.].

Иттің таңданбауының, жетекке еріп жат адаммен жүре беруінің себебі жуасуында емес, ақша қолдан қолға өтсе қожайынның да өзгеретініне көзі жеткендігінде, яғни, көргенінен қорытынды шығара алуында. Адамдарды арбап алатын сиқырлы қағаз ақша қолда-қолға өткеннен кейін оған қарсы шығу таяқтың екінші ұшын басумен бірдей екендігін Бэк түйсінген. Бұл да Бэктің қатал тірлікте өмір сүру үшін бір саусағын ішіне бүккен иттік қулығы.

Джек повесте Бэктің өмірдің қатал заңын түсінуін сойыл ұстаған адамнан кейін көз алдында өз тұқымдастарынан ажал құшқан Кэрли атты итті көруінен қалыптасқандығын шебер, философиялық пайыммен жеткізген.

«Бұл иттердің қасқырша бас салған бетте қайта ыршып түсегін әдеттері бар еді. Бірақ іс мұнымен біткен жоқ. Екі ит ес жиғанша әлдеқайдан отыз, қырықтай басқа иттер жетіп келіп бұларды, жым-жырт қоршап алысқан. Бэк бастапқыда ол иттердің тықыршып нені күтіп тұрғанын, неліктен сілекейлерін қомағайлана жұта беретінін түсінге алмады. Керли қарсыласына тап берген, бірақ анау мұны қайтадан бір қапты да, тағы кері ыршып түсті. Екінші рет секіргенде Кэрли оны кеудесімен

қағып жіберген, әйткенмен өзі де аяқтан тұра алмай қалды. Бұларды қоршап тұрған иттердің де күткені осы еді. Кэрлидің қайта көтерілуге шамасы келмеді: мыналар жан-жағынан атыла секіріп лап қойған. Ажал аузында ауырсына қыңсылаған Кэрли қаптаған жүндес денелердің тасасында жоқ болып кетті.

Кейін сол көрініс Бэктің есіне жиі түсетін-ді, тіпті, түсінде де талай көрген. Міне, өмір деген осы екен! Мұнда адалдық пен әділдікке орын жоқ. Құлады ба құрығанын! Демек, мықты болу керек екен» [2, 318 б.].

Қарап отырсақ Джек Лондон басты кейіпкерді құдды қаһарман адам бейнесіндей сатылап өсіріп, оқырманын соған көркемдік қиял қуатымен сендіре алған. Жер бетіндегі тіршіліктің иесі адам, артықшылығы ақыл – ойында деп кеуде соғып жүрген пендені бір сәт жазушы ойлантаып тастағандай. Ол ой адамзат баласы маңдайға соғылған тарих сойылдарынан сабақ ала білді ме?..

Повестен жазушы бір ғана Бэк атаулы иттің бейнесін айшықтаумен шектелмегенін аңғару аса қиын емес, бір шанаға жегілген жеті-сегіз иттің жеті-сегіз өзіндік мінезі мен түртұлғасын толықтай аша алғанына танырқамасқа болмас. Бұл кім-кімнің де суреткерлігіне сын боларлық нәрсе.

Осы повесте жазушы қиялымен келісе алмайтын да жеріміз бар екенін айтып өтуді жөн санадық. Ол Бэктің ақыл-ойын ит тұқымдастары ішінде бұрын болмаған деңгейге көтеріп суреттеймін дегендегі автордың шабытқа беріліп кеткен тұсынан көрінеді. Шығармада Бэкті ақылды, айлалы, азулы керек десе тағы қылып нанымды суреттей білген Джек, осы қасиеттерді одан әрі әрлеп бекіте түсем дегенде қателікке жол берген. Ол Бэктің «машайықтан қашайық» дегендей бір шанада келе жатқан иттің құтырынуынан ауруы жұғып кетпесін деп орман-тоғайды, өзен-көлді кезіп қашуы, ақыр сонында құтылмайтынын білген соң қайтіп иесіне тығылуы. Бұл біздің ойымызша басы артық сюжет, артық қылам деп тыртық қылып тұрған деталь.

Джек Лондонның артында қалған көл көсір мұраларының едәуір бөлігі әңгімелер. Ол бұл жанрда да өз машығын таныта алған жазушы. Шағын көлемді дүниелерінде де Джек адам, табиғат концепсиялары турасында салихалы ойлар айта алған. Осыларды ашып көрсету үшін автордың әңгімелерінің ішінен «Сапардағылар үшін», «Өмірге құштарлық», «Аппак тыныштық», «Әйел қырық жанды» таңдап алынды. Қалғандары да көтерілген тақырып ерекшелігіне қарай зерттеу нысанынан тысқары қалмайды.

Джек Лондонның «Аппак тыныштық» әңгімесі күн райының салқындығы алпыс бес градус көрсетіп тұрған сібір жерінде ит шанамен тыңнан жол салып бара жатқан үш кейіпкердің сындарлы сәттердегі адамгершілік қасиеттерін көрсетуге арналған. Шағын әңгімеде жазушы кей тұстарда кейіпкерінің болмысын ашып көрсету үшін кейіпкеріне өткен күн жайлы сыр шерткізіп шегініс әдісінде тиімді пайдаланады. Сонымен қатар адам баласының табиғат алдында дәрменсіздігінен іштей тынып, жаратушысынан медет тілеуінде реалистік тұрғыда жеткізе алған.

«Ымырт жабыла бастаған сәт еді, Аппак Тыныштықтың мысы басқан жолаушылар үн-түнсіз тыңнан жол салып келе жатты. Табиғаттың адамды тәубесіне түсіретін тәсілі көп: үздіксіз түрде алма кезек ауысатын судың тасуы мен қашуы, түтіккен борандар, жер сілкінісінің сұмдықтары, көк зеңбірігінің найзағайлары. Бірақ мұның бәрі де Аппак Тыныштықтың әділдігі алдында бас иетіндей. Селт еткен сыбдыр естілмейді, көктің жүзі қақталған мыс табақтай жарқырап тұр, үп еткен үн күпірлік секілденеді, адам өз даусынан өзі шошиды. Жым-жырт дүниенің елеске малынған кеңістігі бетінде қыбырлап бара жатқан жан иесі өзінің бар болғаны жертің құртындай ғана екенін жіті сезінсе осым өрескел-ау деп кұнаға батқандай қуыстанады. Таңғажайып ойлар өз-өзінен туындайды, тылсым ғалам өз шешімін іздейді. Сөйтіп адам ажал аузында тұрғандай үрейленеді. Жаратушының, бүкіл әлемнің алдындағы қорқыныш бейлейді, мұнымен қатар дәрменсіз материяның жандалбаса

әрекеті оянады – тіршілік үміті тұтанып, Мәңгілік ғұмырды армандайды, міне, осындайда кісі Құдаймен бетпе-бет оңаша қалады» [2, 393 б.].

Осы үзіндіні оқи отырып, кім-кімнің де мына дүбірлі өмірде өзіндік «Аппақ Тыныштықтармен» бетпе-бет кездесетініне шүбән қалмайды. Жазушының пайым тереңдігі оқырманын пәни дүние турасында ойлантудан көрінетін болса, онда Джек Лондон бұл биіктен көріне білді деп айтуға толық негіз бар.

Жоғарыда айтып өткеніміздей әңгімеде автор кейіпкерлерінің адамгершілік қасиеттерін іс-әрекет пен шегініс әдісі арқылы тым тәуір бере білген. Үш кейіпкердің бірі, екі еркектің ортасындағы Руфь образы осылай ашылған. Әсіресе, мұны қарағайға бастырылып өлім аузында жатқан Руфьтың күйеуі суреттелетін сюжеттен аңғаруға болады.

Келесі кейіпкер Руфьтің күйеуі Мэйсонның да жан дүниесі сәтті шыққан. Ол боркемік емес, ажалдың өзін қасқайып қарсы алатын, өзі өліп бара жатқанымен тән ауруын жеңіп, қалғандар үшін қам жейтін қаһарман. Мұны Мэйсонның ажал тырнағында жатқанда жолдасына айтқан аманатынан көруге болады.

«Руфьті қайтадан тайпасына қайтара көрме, Кид. Онда өте қиын болады оған. Көз қырынды сала жүр Кид... Оған мейіріммен қапап, мүмкіндігінше тезірек Штаттарға жөнелт. Ал егер отанын сағынар болса оралуға жәрдемдес.

Бала... біздің арамызда көбінесе жақындата түскен сол, Кид. Ұл бола ма деп үміттенгім келеді. Өзің ойла, Кид! Менің қаным ғой ол. Мұнда қалдыруға болмайды оны. Ал егер қыз болса.. жоқ, ол мүмкін емес... Менің терілерімді сат: одан бес мыңдай шығаруға болады және маған Компанияның соншама берешегі бар. Менің ісімді өзіндікі мен қос жүргіз. Біздің мәлімдемеміз өзін-өзі ақтар деп ойлаймын... Оған жақсы білім бер... ал ең бастысы, Кид, ол мұнда қайтып оралмасын» [4, 222 б.].

«Әкелерінің құдайы», «Аяздың балалары» атты жинақ кітаптарында одан да күрделі мәселелер суреттелген. Бұл әңгімелердің екеуі де үндістерге арналған, новеллалар қатарынан орын алған. Бұл материалдарға ең бірінші назар аударған Лондон болмады. Бұл жайында Купер, Лонгфелло туралы еске түсірсек те жеткілікті. Лондон кітабынан үндістер өмірінің идеализмі туралы бірдеңе іздесең де таба алмайсың, ал оның ақындық бейнесі мен үндіс фольклорынан алынған мысалдар көркем тапсырманың шындығына бағынады. Айтылуынша басылған ұлы тұрмыстары ақтардың келіп трагедиялық форманың басталатынын сездіреді. Үндістер туралы жазып жатқан кезінде «Джис-Ук үндістері» туралы новелланың туындауы Джектің жағдайын қиындатады. Үндістер әңгімесінде ақтардың Аляскада пайда болуы «қола ғасырын тудырады. Алайда, «қола ғасыры» тура « тас ғасырына» айналды. Егер Джис–Ук «мейірбан тайпаның» адамның сөзіне сеніп, бірақ ол оңбаған адам болып шығып, осының бәріне төзе білсе, онда сөз жоқ жеңіс үндіс қызының жағында болды.

Бұл үндіс қызы өзінің сұлулығымен сібір аңыздарына әңгіме болып жүр. Осындай қатал өмірде Джис–Ук махаббатын бірнеше ай ғана иемденген әңгіме кейіпкерін ешқандай филантропикалық бастаулар ынтықтыра алмайды. Ал қыз болса Болмерге сертін бере алмайды, маңдайда жазылған қатал тағдыр. Оған берілген жанының тұрақтылығы мен адал сезімін Лондон көп адамның бойынан таба бермейді. Бұл шындықты табиғатпен қарым – қатынасы кезінде жүзеге асырады.

Лондонның қаламынан туған әңгімелер қашан да күрес – тартысқа толы еді, оның әңгімелерінде Джейс–Ук сияқты аз сөйлеп, көп іс тындыратын, ержүрек жандар да аз емес.

Лондонның шығармашылық ізденісі мен сарыны этикалық тартысқа толы. Лондонның өзіне келетін болсақ, бұл мәңгі өшпейтін тақырып және әрқашан да өзекті болып отырады.

«Балық сақшысының әңгімелерінің» кейбірінде, атап айтсақ, «Ақтар мен сарылар», «Сары орамал» сынды

әңгімелерде түрлі әлеуметтік топтағы адамдардың күресі суреттеледі. Бұл күрес көбіне қарапайым халық пайдасына шешіліп отырған. Жұмысшы мәнді де мағыналы шығармаларды дүниеге әкелді. Соған қарамастан жалған идеалистік концепциясы байқалған туындылары да пайда болды. «Айлы дидар» жинағына енген «Планшетка» деген әңгімесінде адам өмірі тәуелді – мыс тылсым күші жөнінде мистикалық желі суреттеледі.

Жалпы айтқанда, Джек Лондонның осы жылдары жазылған әлеуметтік шыншыл туындылары америка әдебиетінен ерекше орын алды.

«Жол» атты әңгімелер жинағы «Балық сақшысының әңгімелері» секілді автобиографиялық туынды. «Жол» жинағының материалы есебінде Джек Лондон өзінің бозбалалық кезіндегі жүрген жолдарын, яғни, Америка Құрама Штатына, Канадаға сапар шеккені жөнінде және Калифорнияға өз оқуымен айналысу үшін оралған кезеңдерін қолданған.

Қайыршылық тақырыбы американдық әдебиетінде кеңінен тараған еді. Джек Лондон публицистикалық жұмыстарында да бұл тақырыпқа қалам тербеген еді («Қайыршы» эссесі, 1904). Ол қайыршылықты әлеуметтік құбылыс деп атап көрсетті. Бірақ оны әр адам әр түрлі түсінген. Джек Лондонша ойлағандар жоқтың қасы еді. Қайыршылық тақырыбында Лондоннан өзге Фенимора Купер, Герман Мелвилл сынды авторлар қалам тербетті.

Сәл кейінірек қайыршылық тақырыбы Брет – Гарт және Марк Твен, Джордж Кейбл және О’Генри, Эрскин Колдуэлл және Джон Стейнбек сынды жазушылардан да көрініс тапты. Әр жазушы қайыршылықты түрліше суреттеді. Мысалы О’Генридің кейіпкерлері өздері қалап ұнатқандықтан қайыршылық кешіп өмір сүруде. Ал Стейнбектің кейіпкерлері азық табу барысында Американы кезгені суреттеледі.

Джек Лондон қайыршылық тақырыбын түрлі қырынан ашып баяндайды. «Айлы дидар» атты әңгімелер жинағында

Лейт Клей – Рэндольф, «Жергілікті ерекшеліктің» басты кейіпкері, суреттеледі. Ол адам – қайыршылықты қалайтын жан.

Солтүстік әңгімелерінде, әсіресе, «Жергілікті ерекшелікте» қайыршылыққа адамның еті әбден үйреніп кеткені көрініс тапқан. Адамдарды үйі мен жұмысын тастауға итермелейтін қажеттілік, аштық емес. Олардың санасында бір орыннан екінші орынға ауысу жөнінде адаспа ойлар ұйып қалған. Дәл осы жиек «Жол» атты әңгімелер жинағында өз жалғасын табады. Джек бірінші жақта пойыздан пойызға көшіп, вагонның төбесіндегі «саяхаты» жөнінде баяндайды.

«Шыдап тұр» әңгімесінде теміржолшылар қайыршыларды өлтіріп жүрген «жаман жол» деп аталып кеткен жол баяндалады.

Жазушы өзінің қайыршылыққа толы шытырман оқиғаларын суреттей отырып, халықтың буржуазиялық қоғамға деген қарсылығын білдіргісі келді. Тәуелсіз өмір, еш шектеусіз, ешкімге бағынбаушылық, табиғатпен қатынас және өздері секілді қарапайым адамдармен қарым – қатынас жасау – міне, Лондондық қайыршыларды жандандыратын осылар еді.

Бұл қарсылық білдіру кейін анархиялық форманы қабылдайды. Буржуазиялық әлемнің заңын қабылдамай, Лондонның қайыршылары еңбекті жек көре түседі. Бұл қайыршылар қайыр сұрауға ұялмайтын еді, тіпті реті шығып жатса, ұрлықтан да бас тартпаған.

Қорыта айтқанда Джек Лондон повестері мен әңгімелерінде Америка сынды алып елдің бір кезеңдегі шынайы келбетін, кәсібін, озығы мен тозығын, ертеңгі күн үшін күресін көрсете алды. Жазушының повестері мен әңгімелерінде идея алтын дінгегі адамдық, имандылық, төзімділік деп айтуға толық негіз бар. Сонымен қатар автор шығармаларында елді мекендердің тарихынан да әдемі сыр шерте білді және олардың ара қашықтығын, суларының тасуы мен қайтуын, жануарлар әлемін, климатын т.б. көркем шығармада ғылыми негізде қалай беру керектігінен әдемі үлгісін қалыптастыра білді. Жазушы болу деген сөз өмірге құр тамсанып, қу жақ бастан қуырдақтық

ет алу еместігін тағы да бір дәлелдей білгендігін шығармаларындағы кең форматты понорамалардан көре аламыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

4. Әлем әдебиеті. Джек Лондон. 2008. № 2. – 215-224 б.б.
5. Джек Лондон. Теңіз қорқауы. Әлем әдебиеті кітапханасы Астана: Аударма, 2006. – 512 б.
6. Джек Лондон. 100 великих имен в литературе. Москва. 1998. 165-171 с.
7. Дихахмет Әшімханұлы. Жанкешті жазушы. //Әлем әдебиеті 2007 № 2. 215-224б.б.

ЖӘРКЕН БӨДЕШҰЛЫНЫҢ «ЖҰЛДЫЗТАСТЫҢ ЖАРЫҒЫ» АТТЫ ЖЫР ЖИНАҒЫНЫ ТУРАЛЫ

***Зейнешов Бауыржан
БҚГА магистранты***

Жәркен Бөдешұлы шетелдердегі миллион қазақтың атажұртқа оралуына ойтүрткі болып көшке түрен салған ақын.

Ақынды мұндай бастамашылдыққа әкелген оның өз өмір тағдыры болса керек. Тарбағатай, Жәйіртау, Ұлытау мен Сарыарканың арасын көктей көшіп, табанына тасы батып, кірпігіне жасы қатып «айға қарап ұлыған көкбөрі» немесе «қия бетті қиялай жортқан арқардай» қияда өскен балаң жігітті ақын еткен де осынау тағдыры шығар. Көшіп өткен жолын ақын былайша суреттейді.

Жоңғария ойпатынан өлі құм,
Сарыарқаға дейін жортқан бөрімін.

Төрт құбыласы тұрған темір құрсауда,
Анау Шығыс Түркістанда тұрсам да,
Атажұртқа жетті менің өмірім...
Алтын сықап қойсамдағы қалтама,
Жат топырақ бауырына тартама.
Менің басым сонау Жоңғар құмынан
Домалай-домалай жетті Сарыарқаға

Жат ортаның жаттығын білетін ақынды өзі атажұртқа
оралған соң ендігі жерде арғы бетте қалған ағайынның тағдыры
толғандыра бастайды да, шеттегі ағайынды атажұртқа
шақырады.

Құстарым-ау,
Құстарым,
Құстарым-ау.
Жазда сағым,
Түседі қыста қырау.
Тым болмаса еліктеп өздеріңе,
Өмірімде бір рет ұшпадым-ау,
Ұшпадым-ау,
Ұшып кеп қонбадым-ау.
Баста сағым,
Тұрмайды жолда қырау.
Қашан көшіп келеді бөлінген ел,
Қарай-қарай көз талды жолға мынау...

Қазақ көшіп келеді деп көзі талып, көңілін қырау шалған
ақын енді ұранға басады.

...Қор болмай босқын қашқынға,
Жем болмай ит пен қасқырға,
Біз қашан түгенделеміз,
Бір шаңырақ астында,-

деген өлең жолдары әлем қазағын елең еткізді. Өлең осы жолдардың авторының 1995 жылы жарық көрген «Жылаған жылдар шежіресі» (Алматы, 1995, 180-б.) атты тарихи-публицистикалық еңбегінде келтірілді. Марқұм, Қ.Мырзалиевтің «Қайда жүрсең, Атамекен, Көкейінде жатады екен» деген әнге айналған өлеңі және Ж.Бөдешұлының:

«Сенімім саған деген аса бекем,
Арым мен жаным мен де қасам етем,
Талап жеп қояр еді қасқыр тағдыр,
Егер де сен болмасаң атамекен».

Отты өлеңдері сол жылдары қазақтың атажұртқа оралуына өйтүрткі болды. 1991-2010 жылдар 1 миллион қазақ атажұртқа оралып, қазақтың қатарын толықтырады. Бұл игі істе Жәркен Бөлешұлының өлең, жырларының елеулі үлесі бар.

Ақын Жәйіртаудан Сарыарқаға беттегендегі іздегені қазақ, қазақ елінің азаттығы еді. Өйткені, шетелдердегі қазақтар қазақтықтың, азаттықтың қадірін бір кісідей біледі. Атажұртқа келген соң ақынды мұндағы қазақтың тағдыры толғандыра бастады.

Албастылар, жаны қара қанқұйлы,
Алашымның ақ бесігін аңдиды.
Сол бесікте жатқан сәби іңгәлап,
Бірде шошып, бірде алаңсыз қалғиды.
...Алаш көңіл алаң, алаң, алаңдап,
Алаш жүрек қапы қалу саған жат,-
деп Алашына, қазағына еркіндіктің мәнін ұқтыруға тырысты.
Ал тағдыр қолдап, қазағы тәуелсіздік алғанда жарыла қуанып
жарты әлемге жар салды.

Алаш жұрты сондай өрттен шықты аман,
Биігіне шықты бұрын шықпаған.

Менің жырым – Еркіндіктің елшісі,
Менің әнім – қоспасы жоқ шыт жаңа ән,-

деп толғанды. Ендігі жерде тәуелсіздіктің баяндылығын,
түгенделе бастаған қазақтың басы бүтіндігін тіледі.

Түгенделдім,
Алақай түгенделдім,
Алыс-жақын бауырымды түгел көрдім.
Енді менің келмейді бұғауланғым,
Енді менің келмейді жүгенделгім,-
деп тәуелсіздік жаршыларына үн қосты.

Ж.Бөдешұлы бозторғайдай шырылдап ұлтының мұңын
мұндап, жоғын жоқтаған ақын.

Иә, ұлтын ұлықтамаған, жоғын жоқтамаған ақын жоқ-ау сірә!
Бәрі де жырлады, бірақ Ж.Бөдешұлының бұл тақырыпта
жазылған өлеңдерінде қайнаған кек, намыс, махамбетшілдік өр
мінез бар. Кектенгенде қынабынан сөз қылышын суырады,
намыстанғанда өркешіне мұз қатқан нар бурадай зіркіреп тісін
қайрайды. Бодандықтың қасіретіне шын жүрегімен налиды.

Алпауыт келіп қорлады,
Азусыз қалған ұлтымды,
Биледі ерік, ырқымды.
Торға түскен торғайдай – жүрегім қатты бұлқиды.
Найзағай оскан бұлттай боп, тозығы жеткен жұрттай боп,
Ар-намысым жыртылды,- деп күйзеледі.

Күйзеледі де қазағын қырағылыққа, қырандыққа шақырады.

Тас төбеңе үйірілсе де тау-тау бұлт,
Аңғармайсың әй, қазақы аңқаулық.
Боз ботаны қыр астында бота жеп,
Боз інгеннің желінінен қан саудық,

Ей аңқаулық, біледі ғой жат мұны,
Аңғармайсың сен көлденең аттыны.
Құрсақтағы құлагердің құлынын,
Жарып алып кетсе дағы әккі ұры...

Иә, біздің қазақ мұндай енжарлық, аңқаулықтан талай опық жеген халық. Бұған тарих куә. Ақын осыны еске салады, әрбір қазақты ұлты үшін күресте өзіндік үлесін қосуға шақырады.

Алаш үшін қабырғасы сөгілген,
Қайран Мағжан, шықпайсың сен көңілден.
Арбасына өзің сүйген теңдіктің,
Екі ат болса,
Бірі менмін жеңілген,-

деп ұлты үшін өзін қандай іске де дайын екендігін білдіреді. Бұл ұлттың өткеніне деген баға және қайтып басқа бермесін деген шын тілегі болса керек. Ал ұлттың бүгінгі тіршілігіне қатысты өзекті мәселелер аз емес. Сондай мәселелердің бірі ұлттық жарты кештік. Тілдің ауқымының тарлығы, тағы-тағылар. Бұл мәселе де ақынның нысанасынан тыс қалмаған.

Ата жұртым – Өр Алтай,
Туған жерім Жәйір тау,
Баласындай арқардың екі тауға тең өстім.
Арғы тауға - асумын,
Бергі тауға - белеспін,
Жарымаған уызға жарты қазақ емеспін.
Тілі бүтін сөйлейтін,
Діні бүтін өлмейтін,
Мынау бөлшек ғаламда мен бір бүтін қазақпын,
Бөлшектеуге көнбейтін.

Ақын мұнда менменсіп отырған жоқ. Қазақты тіліне, дініне, бірлігіне сақ болуға шақырып отыр. Ойлы, сөзі көңілге қонымды.

Туған жеріңді сүйсең Жәркендей сүй, жырласаң Жәркендей жырла.

Қазақта туған жерін жырлаған ақын көп-ақ. Бірақ бозбала жасынан туған жерінен жыраққа кеткендіктен бе екен, Жәркеннің өлеңдерінен туған жеріне деген сағынышында жаңаша бір сарын, өзегеше үн бар.

Туған жерден кеткелі,
Сағынышым көп тегі,
Айға қарап ұлыған
Мен бір жалғыз көк бөрі.

Ақын үшін туған жердің тасы, талы, суы, желі бәрі де ыстық, түсіне де туған жері кіреді.

Майлы – Жәйір шет қалып,
Сарыарқаны бетке алып,
Түсімде ылғи түнделетіп көшіп келе жатамын,
Жоңғар құмын белуардан кешіп келе жатамын,-

деп тебіренеді. Тарбағатайдың тау суының тұнығынан шөлін қандырып өскен ақын оны қалай еске алмасын. Ақынның жер-су туралы бірнеше өлеңдері бар екен. Бірінен бірі өтеді.

Үңілсем жүзім көрінген,
Шомылсам денем көмілген.
Тамсанып ішкен маралдың
Тамағынан өрілген,
Шіркін мөлдір, мөлдір-су!- деген жолдарын оқығанда сайсүйегің шымырлайды.

Туған жердің қар, мұзы,
Аязыңмен жуындыр.
Туған жердің бал қызы
Бұрымыңмен буындыр.
Туған жердің бұлағы,
Толқыныңмен ат мені.
Туған жердің жыланы,
Шырылдатып шақ мені.
...Туған жердің қасқыры,
Кемір ақын сүйегін
Туған жердің тас құмы
Сені осылай сүйемін.

Ақын үшін тіптен туған жерінің қоңызы мен қояны, доңызы да ыстық.

Ақынның тарихи тұлғалар туралы жырлаған жолдарына да тоқталмай өте алмадым. Ақын Абылай, Қабанбай, Исатай, Махамбет, Ұлар жырау туралы жырлапты. Мұнда да ойлары өткір, сыры терең. Тіптен, кейде өзін кен іздеген археологқа теңейді.

Археолог ақынмын келе жатқан кен іздеп,
Көз алдымда көлбеген Орта Азия, Теңіз көк.
Барымыз тұр жарқырап нарқы қымбат базарда,
Жоғымызды келемін ғасырлардан мен іздеп...

Біз тарихтан көп асылымызды жоғалтқан халықпыз. Жоғалтқанымызды табуға ақындарымыздың да үлесі болуға тиісті. Олар археологтарша сыпырғы ұстап қорым қазбағанымен қолындағы қаламымен сөз қазып, біздерге ойтүрткі болып жүр. Ақын «Шыңғысханның құдығы» атты өлеңінде бүй дейді:

Көңіл күпті болса да жүзім қаяу,
Ұлым да ояу, бұл күнде қызым да ояу.
Бұл құдықтың түбінде тұнып жатыр-

Қызыл жалын,
Қызыл – су
Қызыл бояу.
...Ей тарих,
Алжымай жөніңе көш,
Көп құрыпты өлім мен өмір егес.
Әркім барып еркімен қан тапсырар,
Шыңғысханның құдығы донор емес,-

Мінеки, өлеңмен тарихтың шындығын айту деп осыны айт.
Ақын өзінің бір өлеңінде өзінің өмір өткелдерін баяндай келіп:

Қазақты көрдім, көзімді көрдім.
Өз қаным, өз көзімді көрдім.
Жүрегімнен суырып алып,
Құйма алтындай сөзімді бердім,-

дейді. Бұдан артық не десін. Ендігі кезек тума таланттың тұнық жырларына әділ баға беру ғана қалып тұр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жәркен Бөдешұлы «Жұлдызтастың жарығы».
- 2 Балқаш НАҚАНОВ. «Жұлдызтастың жарығы» - бірлік жыры, Қазақ әдебиеті 2012

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МӘСЕЛЕСІ

**Сейтхалиева Арайлым – БҚИГУ БҚҒА-ның 6М010300
Педагогика және психология мамандығының 1 курс
магистранты**

Жоғары білім беру саласындағы бүгінгі күнгі алға қойылған мақсаттардың бірі - жаңа ақпараттық технологияны білім беру жүйесіне пайдалана алатын, ақпараттық мәдениеті жоғары, білімді тұлғаны қалыптастыру. Білім беруді ақпараттандыру нәтижесінде әрбір студент ақпаратты еркін пайдалануға, оны қажетіне қарай талдай білу мүмкіндігіне ие болуы қажет. Өйткені, бұл білім беру үрдісіне қатысушылардың интеллектуалдық белсенділігінің артуына, сол арқылы білім беру жүйесінің дамуын жетілдіруге негіз болады.

Еліміздің жоғары білім беру жүйесі халықаралық білім кеңістігіне ықпалдастыру тетіктерінің бірі – оқытудың кредиттік жүйесі болып отыр. Бұл жүйенің мәні студенттердің өз бетімен білім алуына басымдық беріліп, маманға «өмір бойы» оқу дағдысын қалыптастыру. Республикамыздағы жетекші университеттердің білім беру үрдісін ұйымдастырудағы дәстүрлі және жаңаша көзқарастарды салыстырмалы талдау негізінде ғалымдар тарапынан кредиттік жүйенің көптеген тиімді жақтары негізделіп отыр.

Оқытудың кредиттік жүйесін ендіру жаңа ұғымдық аппаратты енгізуді талап етеді. Бұл соңғы жылдардағы ағылшын тілді терминдердің көптеп қосылуымен байланысты. Мұндай терминдер бұрынғы оқыту жүйесінде болған жоқ.

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарындағы кредиттік оқыту жүйесі туралы С.Б.Абдығапарова, Г.К.Ахметова, С.Р.Ибатуллин, А.А.Кусаинов, Б.А.Мырзалиев, С.М.Өмірбаев, Ш.Т.Таубаева, Ә.М.Мұханбетжанова, т.б. ғалымдардың

еңбектерінде осы жүйенің тиімділік жақтары зерттеліп көрсетілген.

Оқыту үрдісінде компьютерлік технология мен техниканы қолданудың негізгі педагогикалық-психологиялық мәселелерімен айналысқан ғалымдар, білім беруді ақпараттандыру саласында зерттеушілер И.И.Антипов, Е.Ы.Бидайбеков, Ж.А.Қараев, А.А.Кузнецов, Э.И.Кузнецов, И.В.Роберт, В.М.Монахов, Г.К.Нұрғалиева, В.В.Гриншкун, А.П.Ершов, М.Г.Лапчик, Е.И.Машбиц, В.В.Рубцов, В.Ф.Шолохович және т.б. өз еңбектерінде орта және жоғары оқу орындарында ақпараттық технология құралдарын қолданудың іс-тәжірибесі, танымдық әрекеттерді басқару үрдісі жоғары оқу орындары пәндерінің мазмұны, әдісі, құралдары, оқыту түрлері мен оның нәтижесін бақылау жаңа дидактикалық шарттарға негізделіп және жаңа құрылым, ұйымдастыру қызметі, орындалу нәтижесі, көп ізденуді қажет ету, педагогикалық-психологиялық сипаттамаларын нақтылап көрсетеді.

Кредиттік оқыту жүйесінде әр студент компьютерлік технология негізінде интернет, қашықтықтан оқыту, электрондық почта арқылы дүниежүзілік білім кеңістігіне еніп, онда өзінің қажетін өтейтін ақпаратты толығымен алуға, қажетті ақпараттық мәліметтерді, ғылым саласына байланысты озық тәжірибелерді, ізделіп отырған мәселенің шет елдегі жағдайымен танысуына толық мүмкіндік туып отырғандығын, сонымен қатар жаңа ақпараттық технологияны білім алу саласына пайдалана білудің мәдениеттілік жолдарын меңгеруді талап етуінде.

Сонымен, жоғары оқу орындарында білім берудің кредиттік жүйесінің енгізілуі республикамыздағы білім беру саласын дамытудың қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлары мен өркениетті елдердің озық тәжірибесіне сүйене отырып мамандарды даярлау бойынша

жүргізіліп жатқан шаралар студенттердің жоғары ақпараттық мәдениетін қалыптастыруды қажет етіп отыр.

Сауатты адамның кез келген мәдениетті үйренуге ұмтылатындығындай, компьютерлік сауатты студент ақпараттық қоғамда мәдениетті болуға тырысады. Олай болса, ең алдымен, «ақпараттық мәдениет» ұғымының мән-мағынасына тоқталалық.

«Ақпараттық мәдениет студенттердің қажетті ақпаратты екшеп алуға тиісті мәдениетті меңгеруін, алынған ақпаратты басқаларға беру, түрлендіру үшін, соның ішінде баспа материалдарын да өңдеуді үйренуін білдіреді», -деп көрсетеді С.А.Христочевский .

В.Каймин ақпараттық мәдениеттілік - «...деректер базасы мен түрлі ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, компьютер құралдарының көмегімен ақпаратты алу, жинау, іздеу, жинақтай және табыстай білу» деп түсіну қажет деп есептейді. Мұндай техникалық іскерлік қоғамды ақпараттандырудың даму шамасына қарай адамдар үшін неғұрлым маңызды бола береді. Кең ұғымда алғанда ақпараттық мәдениетке, таза техникалық дағдылардан басқа ЭЕМ-ді қолдана отырып, әдеби, графикалық және көркем нысандарда өз ойлары мен идеяларын білдіре алу дағдысы да кіреді. Оның үстіне, бұл мәдениетке адамдармен қарым-қатынас жасай білу және ынтымақтасып жұмыс жасай білу қабілеті де кіруі тиіс.

Ал, О.С.Ахметова: «ақпараттық мәдениет - компьютерді пайдалануға байланысты қызығушылық пен қажеттіліктің жиынтығын құрайтын; компьютердің мүмкіндіктері туралы білімнің, оны өндірістің, мәдениеттің, білімнің әртүрлі салаларында қолданудың; компьютердің көмегімен ақпаратты жасау, жинақтау, сақтау, өңдеу, беру әрекеттерін жүзеге асыра білу; компьютерді әртүрлі оқу міндеттерін шешуде іс жүзінде қолдана білу; жаңа ақпараттық технологиялық құралдарды жеке өзіндік және зерттеу (шығармашылық) әрекетінде пайдалана

білу, оқу-танымдық әрекетінде толық өзін-өзі іске асыруға ұмтылу ретінде көрініс табатын жалпы мәдениеттің бір бөлшегі» деп жазады. Өз зерттеулерінің негізінде ол ақпараттық мәдениет, жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастырумен қоса алғанда, төрт құрамнан: мотивациялық, мазмұндылық, шығармашылық қабілет, өзін-өзі іске асыру құрамынан тұрады деген қорытындыға келеді. Ол бұл құрамдас бөліктерді студенттердің ақпараттық мәдениетінің қалыптасқандығы деңгейінің өлшемі ретінде қарастырады. Оның пікірінше, осылар ғана студенттердің ақпараттық мәдениетінің қалыптасу және даму үрдісін тұтастай бейнелей алады.

Студенттің ақпараттық мәдениеті күнделікті өмірде (өмірде кездесетін жағдаяттарда шешім қабылдау икемділігінен, ақпараттық сауаттылық пен мәдениеттілігінен), білім беру үрдісінде (білім беруді ақпараттандырумен байланысты типтік және модельдік жағдаяттардағы іс-әрекет нәтижесі ретінде), кәсіби-бағдарлы іс-әрекетте (өндірістік немесе кәсіптік сараман кезінде, ғылыми-ізденіс жұмыстарымен шұғылдануда, оқу мен жұмыс жасауды үйлестіру, т.б. барысында) байқалады.

Сонымен кредиттік оқыту жүйесінің енгізілуі бойынша мынадай қорытынды шығаруға болады: студенттердің академиялық таңдау құқығы кредиттік оқыту жүйесінің ең негізгі артықшылығы. Студенттер оқытушыларды таңдауға мүмкіндік алады және өздерінің білім алу траекториясын қалыптастырады. Соған сәйкес, типтік және оқу жоспарларымен бірге студенттердің жеке оқу жоспарлары енгізілді, бұл жоспар білім беру мазмұны мен оқытуды ұйымдастыруды анықтайды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану ЖОО оқытылатын білім көлемін жетілдіру үшін интерактивті іс-әрекет тәсілдерін, динамикалық және көрнекі образдық модельдерді пайдалануды, материалды беруді жетілдіруді мақсат тұтады. Мұнда негізгі қызметті жаңа компьютерлік құралдар атқарады.

Кредиттік оқыту жүйесінде әр студент компьютерлік технология негізінде интернет, қашықтықтан оқыту, электрондық почта арқылы дүниежүзілік білім кеңістігіне еніп, онда өзінің қажетін өтейтін білімді толығымен алуға, қажетті ақпараттық мәліметтерді, ғылым саласына байланысты озық тәжірибелерді, ізделіп отырған мәселенің шет елдегі жағдайымен танысуына толық мүмкіндік туып отырғандығына көз жеткізді.

Студенттердің ақпараттық мәдениеті өзін - өзі оқыту категориясымен тығыз байланысты оқытушының ақпараттық мәдениетінің қалыптасу деңгейіне байланысты мыналар анықталды: ақпарат, ақпараттық үрдістер, модельдеу және технологиялар туралы білу; әр түрлі іс-әрекет түрлерінде ақпаратты өңдеу талдау әдістерімен құралдарын қолдану; кәсіпкерлік іс-әрекетте АТ-ны қолдану біліктілігі; қоршаған дүниені ашық ақпараттық жүйе ретінде көретін көзқарасы.

Жоғары оқу орнында оқытудың кредиттік жүйесіне көшуде студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруды зерттеуге арналған тәжірибелік-эксперименттің нәтижесінде студенттер қоғамдағы ақпараттың рөлі мен мәнін, ақпараттық ресурстардың негізгі қасиеттерін меңгерді, ДК құрылғылары мен қызметін, ОЖАТ-ын басқарудың дұрыс амалдарын пайдалануды үйренді, ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды орындауға қол жеткізді. Студенттердің ДК жұмыс жасай білу икемділігі, ДК ақпараттық үрдістерді орындай білу икемділігі, өз банкісін кәсіби құнды ақпараттармен толықтыра білу икемділігі т.б. қалыптасты.

Қортындылай келе, теориялық талдау негізінде студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мақсатында мынадай ұсыныстар беруге болады:

- студенттердің ақпараттық сауаттылығын арттыру, ақпараттық мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз ететін АКТ бойынша дайындық курстарын өткізуді жетілдіру, электрондық оқыту және электрондық оқу-әдістемелік кешенді жасақтау;

- жоғары оқу орындарында оқытуды жетілдіру және білім сапасын арттыру үшін заманауи компьютерлік құрылғыларды, видеопроектор мен интерактивтік технология құралдарын кеңінен пайдалану;
- информатика пәні мұғалімдерінің, АКТ-ны оқу-тәрбие үрдісіне пайдалану мүмкіндіктерінің тиімділігін айқындайтын озық тәжірибелерін жинақтап, жүйелеу және мәліметтер базасын аталған тәжірибелермен толықтыруды қамтамасыз ету;
- жоғары оқу орындарында мәліметтер қорын жасақтау, яғни ақпараттандыру саласы бойынша өткізілген курстық материалдармен, информатиканы оқытуда инновациялық технологияларды қолдану мазмұнымен, тыңдаушылардың шығармашылық жұмыстарымен және т.б. материалдармен толықтыру;
- АКТ-ны қолдану бойынша ғылыми-педагогикалық зерттеу жұмыстарын әрі қарай жандандыру.

Әдебиеттер тізімі

1. Асанов Н.А., Калдияров Д.А., Минажева Г.С. Организация образовательного процесса на основе кредитной технологии. - Алматы: Қазақ университеті, 2004.
2. Байдыбекова А. Компьютерлік технологияны оқу процесінде қолдану // Информатика. Математика. Физика. - 1998. -N1.-Б.53
3. Бидайбеков Е.Ы. Білімді ақпараттандыру жоғары оқу орындарында мамандар дайындау бағыты ретінде // «Үздіксіз кәсіби білім беру жүйесінде ақпараттық және инновациялық технологияларды пайдалану» халықаралық ғ.-тәжірибелік конф.– Қызылорда: Эверо, 2007.
4. Гершунский Б.С. Компьютеризация в сфере образования: Проблемы и перспективы. - М.: Педагогика, 1987. - 265 с.
5. Кеңесбаев С.М., Идрисов С.Н. Кредиттік оқу жүйесі жағдайында студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. «Ақпараттық-

телекоммуникациялық технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану жолдары» атты облыстық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы, Атырау, 2008.-13-18 б.

РОЛЬ АКЦИОНЕРНЫХ ОБЩЕСТВ В ЭКОНОМИКЕ

Ихсанов Д.Г.
магистрант Западно-Казахстанского инженерно-
гуманитарного университета, г.Уральск

Роль и значение акционерных обществ в экономике обычно связывают со значительными масштабами их финансово-хозяйственной деятельности. Акционерные общества имеют ключевое значение для экономики Казахстана, а своевременное исследование их деятельности может способствовать увеличению эффективности деятельности обществ и развитию акционерных отношений в казахстанской экономике.

Из всех организационно-правовых форм предпринимательской деятельности акционерная собственность наиболее приемлемая для функционирования в условиях рыночной экономики. В мире с развитием крупного бизнеса акционерное общество получила наибольшее распространение.

Акционерная собственность – это закономерный результат процесса развития и трансформации частной собственности, когда на определенном этапе развития масштабы производства, уровень технологии, система организации

финансов создают предпосылки для принципиально новой формы организации производства на базе добровольного участия акционеров.

Акционерная форма собственности имеет много положительных сторон, которые делают ее универсальной. Акционерная форма собственности позволяет, во-первых, привлечь капиталы множества лиц, даже тех, кто не может заниматься предпринимательской деятельностью, во-вторых, ограничение ответственности размером внесенного капитала вместе с высокой его диверсификацией позволяет вкладывать средства в перспективные и рискованные проекты, тем самым ускоряя НТП.

Акционерная форма позволяет привлечь в одно предприятие капиталы многих лиц, причем даже тех, которые сами не могут в силу любых причин заниматься предпринимательской деятельностью. Кроме того, ограничение ответственности размером внесенного вклада вместе с высокой его диверсификацией позволяет вкладывать средства в весьма перспективные, но и в высоко рискованные проекты, существенно ускоряя внедрение достижений научно-технического прогресса. Имеется также множество других положительных сторон акционерной формы собственности, делающие ее поистине универсальной и применимой везде, где есть необходимость и возможность ограничить масштабы ответственности предпринимателя. [1, с.301]

Акционирование предприятий Казахстана осуществлялась в ходе приватизации. Условия и задачи приватизации не способствовали успешному акционированию и созданию необходимой структуры акционерного капитала. При этом приватизация проводилась высокими темпами, были одновременно охвачены несколько сотен предприятий. Акционируемые предприятия в основном находились в сложном экономическом положении, которое усугублялось высокой инфляцией, а также в результате распада СССР были разорваны кооперационные хозяйственные связи со смежными по

производству продукции предприятиями. Большая часть предприятий в силу морального и физического износа оборудования, использования непрогрессивных технологий, низкого качества продукции была неконкурентоспособна. Эти условия наложили определенный отпечаток на дальнейшее развитие акционерных предприятий Казахстана.

В Казахстане посредством акционирования проведено первичное размещение акций. По данным Национальной комиссии РК по ценным бумагам, за годы реформ в республике прошло акционирование свыше 8200 предприятий.

В результате приватизационных процессов большинство акционерных обществ Казахстана были созданы на базе крупных государственных предприятий, преимущественно добывающих секторов экономики. Негативные последствия этого периода до настоящего времени сказываются на развитии казахстанского рынка ценных бумаг.

Акционерные компании являются основным звеном фондового рынка Казахстана, который является важной составной частью финансовой системы страны. Их роль и значение для экономики страны постоянно повышается. Социально-экономические отношения на рынке ценных бумаг не могут эффективно развиваться без акционерных обществ и выпускаемых ими акций, которые являются обязательным элементом акционерного капитала и основным видом ценных бумаг на фондовом рынке.

Акционерная форма хозяйствования обеспечивает свободный перелив капитала между предприятиями, отраслями, регионами, государствами, экономическими объединениями и континентами. Это способствует дополнительному привлечению крупных финансовых средств в инвестиционно-привлекательные направления экономики и их быстрому развитию [2].

Казахстанская национальная модель корпорации как субъекта экономики находится в стадии формирования, а казахстанским компаниям присущи низкое качество

экономического роста, задержка реструктуризации предприятий и проблемы освоения регулярного менеджмента.

В большинстве стран концентрация пакетов акций является одним из основных механизмов осуществления эффективного корпоративного управления. Этот принцип лежит в основе германской и японской моделей корпоративного управления. На основании этого можно утверждать, что концентрация акций и акционерного капитала является одним из определяющих факторов повышения эффективности деятельности акционерных обществ и подъема рынка ценных бумаг и в нашей стране.

Концентрация акционерного капитала имеет большое научное и практическое значение, так как позволяет сокращать количество мелких акционеров, увеличивает количество акционеров – юридических лиц, в том числе иностранных. Это приводит к повышению эффективности корпоративного управления, росту инвестиций, модернизации основных средств, обновлению и подъему производства.

Формирование современного корпоративного сектора и акционерной формы собственности в наибольшей степени способствует развитию экономики Казахстана и повышению ее конкурентоспособности в мировой экономике.

Современные акционерные общества в Казахстане по своим финансовым, инвестиционным, инновационным, информационным, кадровым и другим показателям играют ведущую роль на финансовом и фондовом рынках страны, а также в инвестиционной и внешнеэкономической деятельности, в законодательной и социальной политике.

Акционерные компании своей универсальностью почти полностью отражают закономерности и тенденции современного развития мировой экономики: интернационализации экономики, интеграции и концентрации акционерного капитала, стремление к внедрению крупномасштабных международных проектов, формированию открытой экономики в масштабе целых континентов,

глобализации экономической и финансовой деятельности и другие тенденции.

Использованная литература:

1. Акционерное дело/Под ред. В.А. Галанова. - М.: Финансы и статистика, 2004
2. Мозговой О.Н. Фондовый рынок: учебное пособие /О.Н. Мозговой. – К.: Феникс. 2007. – 276 с.
3. Андриюшенко В.И., Книга акционера для чтения и принятия решений, М. Фин. и статистика, 2003

ФОРМЫ И МЕТОДЫ ФИНАНСИРОВАНИЯ ОТРАСЛЕЙ СОЦИАЛЬНОЙ СФЕРЫ

А.А.Ихсанова
**магистрантка Западно-Казахстанского инженерно-
гуманитарного университета**

Уровень развития человека и общества в современной экономике определяются состоянием социальной сферы, которое в свою очередь зависит от обеспеченности финансовыми ресурсами и эффективности их использования.

В настоящее время отрасли социальной сферы продолжают испытывать недостаток финансовых и материальных ресурсов, сохраняется низкая оплата труда работников, отсутствуют отлаженные механизмы бюджетной и внебюджетной поддержки. Для улучшения сложившейся ситуации необходимо дальше развивать и совершенствовать систему государственного регулирования и управления финансовым обеспечением отраслей социальной сферы, реализовывать приоритетные национальные программы. Для этого требуется создание эффективных механизмов

финансирования, поиск их новых форм, методов и инструментов.

В условиях развития инновационной экономики важно не только определить приоритетные направления финансирования отраслей социальной сферы и социальной инфраструктуры, но и разработать методическое обеспечение, позволяющее реализовать программно-целевое финансирование и инвестиции в социальную сферу. Отличающееся сложностью, обусловленностью неоднородных отраслей, коммерческой и некоммерческой направленностью, финансирование социальной сферы в настоящее время испытывает недостаточность эффективных финансовых инструментов, позволяющих решить проблемы образования для развития интеллектуального человеческого капитала, обеспечения возможности эффективного функционирования здравоохранения и жилищно-коммунального хозяйства на основе государственно-частного партнерства этих отраслевых сегментов.

Финансирование социальной сферы отличается особой сложностью, обусловленной неоднородностью объектов, различной формой собственности на финансовые ресурсы, многообразием финансовых методов и инструментов, отложенными во времени эффектами финансовых новаций.

Традиционно социальная сфера имеет бюджетное финансирование, что влечет за собой множество проблем, особенно в кризисный период и период проведения административной реформы.

Система финансирования отраслей социальной сферы состоит из бюджетного финансирования сферы услуг бюджетных учреждений в соответствии с государственными социальными гарантиями и финансирования за счет платного предоставления социальных услуг в государственных и негосударственных некоммерческих организациях согласно спросу на социальные услуги.

Бюджетное регулирование осуществляется как в правовой, так и не правовой форме.

Правовая форма заключается в мобилизации, распределении и использовании финансовых ресурсов. Для реализации этой формы государство использует финансово-правовые акты. В качестве бюджетных методов регулирования в практике применяют следующее:

- распределение расходов между отдельными видами бюджетов, входящих в бюджетную систему;
- установление собственных (постоянно закрепленных) доходов для каждого уровня бюджетной системы;
- установление налогов, передаваемых из вышестоящих бюджетов в нижестоящие в целях сбалансирования последних;
- сбалансирование нижестоящего бюджета путем оказания ему финансовой помощи из вышестоящего бюджета на основе безвозвратного предоставления денежных средств (дотация, субвенция, субсидия);
- межбюджетное кредитование в виде бюджетного кредита или бюджетной ссуды;
- сокращение бюджетных расходов, включая секвестрование.

Широко в социальной сфере применяется такой метод бюджетного регулирования, как револьверное финансирование. Этот метод предполагает закрепление за определённой государственной структурой определенного бюджета, который без обсуждений в Правительстве и Парламенте передается администраторам программ.

Преимущество указанного подхода состоит в том, что в этом случае данная структура не зависит от произвольных решений органов законодательной или исполнительной власти.

Данный метод предполагает следующие шаги:

- объем финансирования фиксируется и утверждается на среднесрочный период по представлению администраторов бюджетных программ и автоматически возобновляется на протяжении этого периода;
- распределение средств по целевым статьям расходов передается в ведение администраторов бюджетных программ. В

принципе возможны разные схемы распределения фиксированных объёмов финансирования. В данном случае, имеет место два варианта: во-первых, нормативный метод как наиболее распространённый (финансирование по утвержденным нормам и нормативам); во-вторых, в условиях рецессии реализовывать переход к финансированию целевых программ. При этом можно избежать недостатков нормативного метода (применение единых нормативов к разным единицам);

Фактически именно такая система финансирования существует в Казахстане.

В Республике Казахстан можно выделить следующие формы и методы бюджетного регулирования, применяемые в социальной сфере:

- государственные программы;
- бюджетные инвестиции;
- передача собственности региону;
- республиканское содействие обеспечению занятости;
- коммерческие кредиты регионам под республиканские гарантии;
- поддержки регионов по каналам оказания финансовой помощи;
- установление особых организационно-правовых режимов.

В соответствии с функциями местных исполнительных органов из местных бюджетов обеспечивается финансирование местных программ и подпрограмм, которые включают в себя:

- расходы на содержание местных органов государственного управления по:
- обеспечению общественного порядка и безопасности;
- образованию и здравоохранению;
- социальному обеспечению и реализации законодательно установленных льгот для отдельных категорий населения;
- жилищно-коммунальному хозяйству, водоснабжению и инженерной инфраструктуре;
- культуре, туризму, спорту, содержанию местных средств массовой информации и организации досуга;

- аграрной реформе, осуществлению земельной реформы. Поддержке сельскохозяйственных товаропроизводителей, борьбе с особо опасными вредителями растений и др. цели;
- экологии и организации рационального природопользования;
- развитию малого и среднего бизнеса;
- обеспечению других программ, предусмотренных в бюджете на очередной финансовый год, включая расходы по обслуживанию кредитов;
- предупреждению чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера;
- занятости;
- обеспечению функционирования, строительства и реконструкции автомобильных дорог местного значения;
- бюджетные средства, выделяемые на возвратной основе, как правило, через государственные банки, для выполнения краткосрочных, среднесрочных и долгосрочных государственных и региональных программ;
- погашение основной суммы полученных кредитов и вознаграждений по ним.

Обязанности между республиканскими и местными бюджетами распределяет Бюджетный кодекс Республики Казахстан. В каждой области распределение функций между областью и районами, городами областного значения осуществляют исходя из общих подходов, определенных в Кодексе[1].

Поскольку социальная сфера финансируется в основном в местных бюджетах через систему трансфертов, возникает проблема качественного оказания социальных услуг в разных областях страны.

Для определения эффективности социальных расходов местного бюджета необходимо принять предпосылку, что расходы можно считать эффективными, если они обеспечивают достаточно высокий уровень жизни населения, уровень развития производства в регионе и позволяют достичь запланированных темпов роста валового регионального продукта.

Расходы местного бюджета в зависимости от их направленности делятся на следующие группы:

- Расходы на финансирование системы управления;
- Расходы на финансирование систем жизнеобеспечения;
- Расходы на улучшение условий жизни;
- Расходы на улучшение условий ведения бизнеса;
- Расходы на погашение и обслуживание государственного и местного долга.

Можно определить, какая доля средств приходится на поддержание уровня жизни в регионе, его повышение, обеспечение роста производства. Чем больше доля этих статей в бюджете, тем эффективнее используются ресурсы [2].

Кроме того, можно рассмотреть долю расходов по каждой статье и оценить их структуру. Таким образом, можно проследить, на что конкретно были направлены бюджетные средства и по каким направлениям ассигнования можно сократить.

Таким образом, формы и методы бюджетного регулирования отличаются многообразием. Финансовая деятельность государства осуществляется в различных формах. Прежде всего, бюджетное регулирование сочетает формы прямого и косвенного воздействия. Это достигается многочисленными методами - денежной и кредитной политикой, налоговой политикой, политикой государственных расходов, управлением государственным долгом, внешнеторговой политикой, лицензированием экспортных потоков, таможенным налогообложением, нетарифными методами ограничения импорта.

Литература

1. Бюджетный кодекс Республики Казахстан
2. Петров В.А. Совершенствование механизма межбюджетных отношений. Финансы, № 9, 2005.

3. Хусайнова Л. Развитие форм и методов финансирования отраслей социальной сферы//Вестник Университета (Государственный Университет Управления)

ШЕРНИЯЗ ЖАРЫЛҒАСҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ӨЗІНДІК СИПАТЫ

***Сабыр Ғалия Камалқызы
№1 ЖОБЕМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Орал қ.***

XIX ғасыр қазақ тарихының дүрбелеңге толы, күрделі дәуірі. Сонымен қатар осы дәуірді қазақ әдебиетінің алтын ғасыры десе болды. XIX ғасырда қазақ жазба әдеби тілінің негізін салушы ұлы Абай мен Ыбырайды былай қойғанда, аузымен құс түстеген, өлең сөздің өрнегін түрлендірген халық ақындары мен әнші, жыршы, серілерінің шығармашылығы қазақтың әлеуметтік тұрмыс-тіршілігін, дүние-танымын, қуанышы мен мұңын аша білді. Р.Сыздықова XIX ғасырдың өн бойында қазақ әдеби тілінің, қоғамның тілді пайдалану әрекетінің даму барысын екі кезеңге, екі топқа бөліп қарастырады [1]. Бірі – осы ғасырдың 60-70 жылдарына дейінгі кезең, екіншісі – соңғы үш-төрт онжылдықтар. Былай жіктеудің басты себебі өткен XIX ғасырдың 70-жылдары *қазақ тілінің ұлттық жазба әдеби тілінің* негізі қаланып, әрі қарай түрленіп, даңғыл даму жолына түсті. Ал бұған дейінгі кезеңдегі әдебиеттің тілі *ауызша тараған әдеби тіл* болып табылады.

XIX ғасырдың бірінші кезеңіндегі әдебиет негізінен поэзияға арқа сүйеді. Осы кезеңдегі әдебиет өкілдеріне Махамбет Өтемісұлын (1804-1846), Алмажан Азаматқызын

(18323-?), Дулат Бабатайұлын (1802-1871), Шернияз Жарылғасұлын (1807-1881), Шортанбай Қанайұлын (1818-1891), Шөже Қаржаубайұлын (1808-1895), Сүйінбай Аронұлын (1823-1896) т.б. жатқызуға болады. Осы топтың ішінде Исатай бастаған ұлт-азаттық күрестің рухани жыршысы, алдаспан ақын Махаметті ерекше атауға болады. ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиетін зерттеген белгілі ғалым Қ.Жұмалиевтың пікіріне арқа сүйесек «Махамбет өзіне дейінгі халық әдебиетінің барлық табыстарын толық меңгеріп, кемшілігін қайталамай, өз бетін, өз стилін айқындап, әдебиетте көрнекті үлгі қалдырған ақын. Оның образдары, сөз тіркестері - кейінгілерге көрнекті өнеге»[2]. Махамбеттің өршіл сөздері, ғаламат ақындық дәстүрі кейінгі жастарға үлкен мектеп болды деп айтуға болады. Осы Махамбет бастаған, айтарын қорықпай айта алатын, ақырып теңдік сұрай алатын көкжал топтың соңына ерген көрнекті ақындардың бірі- Шернияз Жарылғасұлы. Қажым Жұмалиев Шернияз туралы мынадай мәліметтер береді: Шернияз Жарылғасұлы қазіргі Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы Жарыпшыққан дейтін өзеннің бойындағы ақкете руынан шыққан.... Шернияз көп жылдар бойы Жайықтың арғы бетінде, Бөкейлікте, Исатайдың жыршысы, серігі ретінде қасында болды. Исатай, Махамбет халықты хан, сұлтандарға қарсы күреске ұйымдастырғанда үгітші, ұраншысының бірі Шернияз ақын болған[2,136]. Шернияз Жарылғасұлының шығармашылығын алғаш зерттеп жариялаушы –Х.Досмұхамедұлы. Ол ақынның өлеңдерін зерделей келе «Шернияздың әзілқойлығы, біреудің мінін табуға, не көзге мақтай қоюға шеберлігі, қысылған жерде сөз тапқыштығы, күлдіргі сөзге ұсталығы таңқаларлық нәрсе», - деп тұжырымдайды[3,102].

Қазақ халқының біршама мол сақталған поэзиялық мұрасы-ақын, жыраулар жырлары. Сонау Асан қайғыдан үзілмей келе жатқан ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы жыраулар институтының қазақ қоғамында алар орны ерекше. Жыраулар мен ақындар қазақ қоғамының әлеуметтік өмірін, елдік мұратын, ерлік жолын барынша ашық жырлаған. Шернияз осы ұлы көштің заңды

жалғасы, Махамбет ту қып көтерген елдік пен ерліктің, намыс пен ардың жоқтаушысы. Шернияздың көтеріліс басылған соң, қуғын көріп, кейін Баймағамбет сұлтанның «сұркылтайы» болса да сұлтанға айтқан ащы сөздерінен Исатай бастаған ұлы іске жақтастығы, Махамбет дәстүріне адалдығы айқын сезіледі. Махамбет Жәңгір ханға:

Хан емессің, қасқырсың,
Қас албасты басқырсың,
Достарың келіп табалап,
Дұшпаның сені басқа ұрсың, -десе,
Шернияз Байғамбетке:
-Аржақта Арғынғазы дүбірлеген,
Байеке елің бар ма бүлдірмеген?
Қазақтың қара жұртын быт-шыт қылған.

Төре емессің, төбетсің дым білмеген -, деп қасқайып, тұрып сөйледі.

Жыраулар мен ақындар поэзиясы қазақ тілінің бар байлығын, әдемілігін, суреттемелігін көрсетуімен де құнды. Атақты ғалым П.М.Мелиоранский «Қазақ тілі ең таза және ең бай тілдердің бірі екендігін түрік тілдерінің диалектілерін зерттеушілердің барлығы бірдей мойындайды. Сөздерін ырғақпен ұқсастыра, әдемі етіп сөйлеуге қазақтар мейлінше ұста және ол жан машығы тәрізді. Сөзге қабілетті адамдар әншілер, ертегішілер, суырыпсалма ақындар қазақтарда үлкен құрметке бөленіп, қатты қадірленеді. Қазақтың халық әдебиеті өте бай және әр алуан»[4],-деп тегін айтпаса керек-ті. Шернияз көркем тілімен, айшықты сөз орамдарымен қазақ ауыз әдебиетін байытып қана қойған жоқ, сонымен қатар ауызша әдеи тілдің туын тіктеп, дамытқан ақындардың бірегейі бола білді. «Түркі халқы үшін, күндіз отырмадым, түнде ұйықтамадым, қара терімді шұбырттым, қызыл қанымды жүгірттім» деп сөз бастаған ежелгі түркі абыздарынан тамыр алған, берісі бүкіл Дешті Қыпшаққа даңқы кеткен «Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтып күн көрер, аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтып күн көрер» деп күңіренген дала философы Асан қайғыдан

қуаттанған, «Айнала бұлақ басы тең, Азаулының Стамбулдан несі кем» деп саңқылдап өткен жорық жырауы Доспамбеттермен қанаттанған, «Қайран да менің Еділім, Мен салмадым, сен салдың» деп Еділмен қоштасқан қарға бойлы Қазтуғанның дәстүрін жалғастырған, «Еділ үшін егескен, Жайық үшін жандасқан, Қиғаш үшін қырылған» Исатай мен Махамбеттің соңына ерген Шернияз шерінің жырларын әдеби және лингвистикалық тұрғыдан зерделу бүгінгі күнің талабы.

Шернияз шығармашылығынан суырыпсалмалық дәстүр мен тіл байлығын көрсететін көркемдегіш тәсілдерді байқаймыз. Ақын мұрасындағы өмірдегі әралуан заттар мен құбылыстардың айрықша сипаты мен сапасын анықтап, нақтылап, ерекше ажар беретін айқындаулардың бір түрі **эпитеттер** мол кездеседі:

Ежелден шынжыр балақ, шұбар төс ең
Кең көшіп, ең жайлаған қалың қазақ
Кәуірден түршіккен соң толықсыған.
Толқынға алтын қазық тұтқа болып,
Тұрсың-ау жұрт шыдатпай, Бәйем сұлтан!

Осы шумақтағы *шынжыр балақ, шұбар төс, қалың қазақ, алтын қазық* сияқты эпитеттер ежелден таныс, қалыптасқан сөз айшықтары. Ақын өлеңдерінде киуын тауып орналасқаны көрінеді. Бұдан басқа *қызыл тіл, ел еркесі, қоңыр қаз, шот желке, шолақ айдар, қасқа қылыш, ақтылы қой, тарғыл ала жылқы* сияқты айқындаулар жиі кездеседі. Сонымен қатар тек Шернияздың сөз саптауының өзіндік, авторлық тілдік ерекшелігі *«Аржақта дүмбірлеген Арғынғазы, Мен едім Исатайдың Шерниязы, Арғы атаң ту ұстаған Арыстанбек»* сияқты айқындаулардан анық көрінеді.

Ақын шығармаларында заттың, яки құбылыстың сыр-сипатын, белгі-бедерін, қадыр-қасиетін, сапа-сынын өзге затпен не құбылыспен салыстыра суретеу арқылы танытып, айрықша ажар, мәнді мазмұн беріп, күшті әсерге бөлейтін **теңеулер** көп ұшырасады.

Ханымның мұрны кейкі, бойы аласа,
Келбеті мегежіннің қашырындай.

Көк иттей күшіктеген құнжың қағып.
Жататын шығар, тыр-тыр қасынып-ай

немесе

Үйшінің үскісіндей өткір тілім
Өрді, ойды білмей шауып қасқарарсың

Осы жолдардағы *мегежіннің қашырындай, көк иттей, үйшінің үскісіндей* теңеулер сөз жоқ ақынның айтпақшы ойын өткір бейнелеп тұр.

Сонымен қатар Шернияз ақын суреттеп отырған затты не құбылысты айқындау үшін, ажарландыра түсу үшін, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту үшін **метафораны** сәтті пайдаланады. Мәселен, «-Бармысың жауға түскен алтыным-ай! Самалым, саз қонысым, салқыным-ай! Ақ алмас алтын сапты қылышым-ай, Шықтың ба қабын жарып ырысым-ай» деген жолдар ақынның айтары ойын әдемі, жанды суреттеп беріп тұр.

Ақының өлеңдерінде **архаизмдер** де бар. Мәселен, Құдайы – жұрт сарқылды, ел - *құшырдан*; Ат *ыраңдап*, ер таңдап; Елге *алғау*, маған да *алғау* ер Исатай; Толғайып *тұзбаспақ* тұр іші толып; Болғанда топай, *құлға* асық қалды; *Зәуде* келген қонақтай; Шығаруға *сой* керек. Бұл сөйлемдердегі көне сөздер тарихтан ақпарат беретін этнолингвистикалық дерек көздер.

ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы ақын-жырауларда айтар ойды нақтылау үшін *едім, едің, еді, ем, ең* сияқты көмекші етістіктер жиі қолданылады. Бұл көркемдегіш дәстүр Шерниязда да кездеседі:

Бәрі де Исатайдың байлығы еді,
Зерлеген қара шақшам тайлық еді.
Исатай ел еркесі, ел серкесі,
Бір емес алты алашқа жайылым еді.
Елге алғау, маған да алғау ер Исатай
Айырылып Шерің содан қайғылы еді.

Шернияз ақын не жырласа да нақты бір тақырыпты басшылыққа алып отырады. Әсіресе портреттер жасауда шеберлігі, адамның образын бейнелеуде сөз тапқыштығы әрі дәл

суреттеуі ерекше. Мәселен, Исатай бейнесін беруде Махамбет дәстүрін жалғастырушы екені даусыз. Махамбет:

Тайманның ұлы Исатай

Ағайынның басы еді,

Алтынды ерді қасы еді, -деп суреттесе, Шернияз ақын:

-Сағынам ауызға алсам Исатайды!

Ер тумас ел жағынан ондай жайлы.

Қарадан халқы сүйіп «ханым» деген,

Жігіт ед төрт тұрманы түгел сайлы,-деп батыр бейнесін асқақтата бейнелеген.

Сонымен қатар Шернияздың тіл уытты, мысқыл мен әжуаға толы. Мақтап тұрып мақтамен бауыздайтын сөздерінен, ақынның ой ұшқырығы, сарказм мен иронияның өз мақсатына әдемі пайдалана алатыны таң қалдырады. Мәселен, -Байеке сіздің қызда жаман бар ма! Жамандар біз байғұста заман бар ма?-деп сөз сабақтайды. Баймағамбет сұлтан мен ауырып қалып, сауыққанымда ел қалай қуанды дегенде берген жауабы:

Сілкініп жабағы тай бесті ат болып,

Балапан ұядағы қанаттанған...

Жер үлкейіп, шөп көркейіп,

Тумаған ту мал балалап,

Күзді күні құс жұмыртқалап,

Жанның бәрі қыбырлап талаптанған.

Болмағанды болғандай етіп, мүмкін еместі мүмкін қылып суреттеп, тыңдаушысын сендіргенмен әр жағында ащы мысқыл жатқанын сеземіз.

Қорыта айтқанда, Шернияз Жарылғасұлы өз дәуірінің қарама-қайшылықты тұрмысын басынан кешірген тұлға. Исатай мен Махамбет көтерген ұлы арманның жоқшысы, хан алдында қасқайып тұрып теңдік сұраған жас шері, суырыпсалмалық ақындық дәстүрдің, шешендіктің, тапқырлықтың үлгісін бойына жинаған сөз зергері, қазақ ұлтының бірегей шайыры.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Р.Сыздықова. Қазақ әдеби тілінің тарихы, Алматы. 1993

- 2.Қ.Жұмалиев ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті, Орал,2010.
3. Х.Досмұхамедұлы. Таңдамалы. Алматы, 1998.
- 4.П.М.Мелиоранский. Краткая грамматика казак-киргизского языка, 1 б., СПб,1894 ж.